



05



БАЙДЕННІҢ  
БАҒЫ ҚАЙТА ЖАНА МА,  
ӘЛДЕ ТРАМП  
ТАҒЫНА ОРЛА МА?

06



«ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ  
ҰЛЫҚ ЕСІМІ  
ТҮРКІ ДҮНИЕСІНДЕ  
ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

# QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 23 (1178), 06.06.2023

qazaq1913.com +7 (701) 505 48 48 +7 (777) 797 77 88 kazakh\_2006@mail.ru

qazaq gazetі qazaq gazetі qazaq1913\_ qazaq gazetі

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267–ші санынан қайта жаңғыртты

Таяуда Мәжіліс депутаттары «Кейбір заңнамалық актілерге жол қозғалысын ұйымдас-тыру мәселелері бойынша өзге-рістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын мақұлдады. Аталған құжат бойынша елімізде енді электрлі самокаттар көлік құралына теңестіріледі. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін электрлі самокаттардың қозғалысын реттейтін заң жоба-сына, дәстүрлі көліктің бала-масына айналған көлік құралы-ның тарихы мен самокатшылар салған сарсаңға тоқталады.

Нұрлайым  
ЖАҚЫПҚЫЗЫ

САМОКАТ  
ТІЗГІНДЕГЕНДЕРГЕ  
ҚАТЫСТЫ  
СҮРЕҢСІЗ СТАТИСТИКА

Қала көшелерін дәл қазіргі уақытта электрлі самокаттарсыз елестете алмайсыз. Таңертең жұмысқа бара жатқанда, түскі үзілісте көшеге шыққанда, кешке үйге қайтып келе жатып та самокатшыларға кезігесіз. Үзіліссіз қозғалыстағы электрлі самокаттардың жолда жеңіл көліктермен де, қоғамдық көліктермен де бірдей жарысып жүргенін көресіз. Бүгінде самокатшылардың таксистердің «қас жауына» айналғаны тағы рас.

«Біз самокат айдағандардан құтыла алмай-ақ қойдық. Жол ережесін сақтамайды. Қаншама көлік апаты осылардың кесірінен болып жатыр», – деді такси жүргізушісі жеңіл көліктің алдына түсіп әлде-қайда асыққан самокат иесіне кіжіне қа-рап.

Осы бір жайтқа көп өтпей жатып тағы бір оқиғаның куәсі болдық. Бұл жолы мотоцикл тізгіндеген курьер көлікке оңбай соғылды. Жиналып қалған адамға да, маңдайынан аққан қанға да қараған жоқ, мотоцикліне отырып кетіп қалды. Өкінішке қарай, мұндай жағдайдың күнделікті болатынына көз үйренді.

03-бетте

Жансая  
ШЫҒЫСХАН

АУАСЫ  
ЛАС ҚАЛАЛАРДЫҢ  
КӨШІН ҚАЙ  
ҚАЛА БАСТАДЫ?

Ауасы ең лас қалалардың жоғарыда аталған рейтингінде АҚШ-тың 8,5 млн халқы бар Нью-Йорк қаласы көш бастады. Одан кейінгі орындарға Лахор (Пәкістан), Дубай (БАӘ), Дакка (Бангладеш), Катманду (Непал), Йоханнесбург (ОАР), Тель-Авив (Израиль), Детройт (АҚШ), Дели (Үндістан) орналасты. Алғашқы ондықты Индонезияның 11 млн халқы бар Джакарта қаласы түйіндеді. Яғни, көк түтінге оранған қалалардың бәрі де халқы тығыз орналасқан мегаполистер. Мысалы, Делиде 16,7 млн, Лахорда 12 млн, Даккада 10,2 млн халық тұрады.

Өкінішке қарай, алғашқы жүздіктен Астана қаласы да көрінді. Қазақстан астанасы 92-орынға жайғасты. Ластандың негізгі көздері саналатын көмір жағатын электр станциялары, кәсіпорындар мен жеке секторлар толыққанды іске кірісетін қыс мезгілінде Алматы қаласы да ара-тұра рейтингтен көрініп қалады. Бұрнағы жылдары еліміздің ірі қаласы әлемдегі ең лас 20 қаланың тізіміне енген еді. Сондықтан



PHOTO: ÖZİM SCOOTERS

■ 2,2 млн халық тұратын Алматы қаласында 79,2 шақырымға созылған веложолдар мен веложолдар бар және «Almaty Bike» велошеринг жүйесі жұмыс істейді

## САРСАҢҒА САЛҒАН САМОКАТ

ЖАҢА ЗАҢ ЭЛЕКТРЛІ САМОКАТҚА  
ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛелерді реттей ала ма?

Алматы тұрғындары көк түтінге тұншыққан қалалардың үздік ондығынан орын алмаса да, мегаполистің ауасы ластанған-нын, экологиясы нашарлағанын жергілікті атқамінерлер де, экологтар да, тұрғындар да жоққа шығара алмайды.

08-бетте

## ҚҰЛДЫҚТАН СҰЛТАНДЫҚҚА КӨТЕРІЛГЕН ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫ

МЫСЫР ЕЛІНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯНЫ  
МӘУЛЕН ӘШІМБАЕВ БАСТАП БАРДЫ

Жанар  
ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

МЫСЫР  
ЕЛІНДЕ СҰЛТАН  
БЕЙБАРЫС  
МЕШІТІ АШЫЛДЫ

Осынау ерлік пен елдікті ту еткен мемлекет қайраткерінің бірі, Дешті Қыпшақ даласының атақты перзенті, Мысыр елінде мәмлүктер мемлекетінің негізін қалаған әрі оны 17 жыл билеген Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы Мысыр мен Қазақстан арасында кеңінен аталып өтілетінін бұған дейін ғасыр тарихы бар «Qazaq» газетінде жазған едік.

Күні кеше Мысырда Сұлтан Бейбарыс мешітінің ашылу рәсімі болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Қазақстан Парламенті

Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Мысырда Бейбарыс сұлтан мешітінің ресми ашылу рәсіміне қатысты. Іс-шара даңқты билеушінің 800 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Қазақстан мен Мысыр елдері үшін тарихи іс-шараға осы елдің Уақып министрі Мұхаммед Мухтар Жұма, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Көне мұралар бойынша Жоғарғы кеңесінің Бас хатшысы Мұстафа Уазирі, Мысыр мүфтиі, доктор Шауқи Ибраһим Аллама, әл-Азһар шейхы Ахмет Тайып және ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысып, сөз сөйледі.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Бейбарыс сұлтанның есімі жаһан тарихына дана әрі әділ билеуші, ұлы қолбасшы ретінде алтын әріппен жазылғанын атап өтіп, оның 800 жылдығы қазақ халқы мен мысырлықтар үшін мәні терең, маңызы зор оқиға екенін тілге тиек етті.

02-бетте



PHOTO: MUFTYAT.KZ

■ 4 маусым күні Мысыр Араб Республикасының астанасы Каир қаласында «әз-Заһир Бейбарыс» мешітінің салтанатты ашылу рәсімі өтті

ҚР ҰАТТЫҚ БАНКІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 9 МАУСЫМҒА АРНАЛҒАН ВАЛЮТА БАҒАМЫ

USD 446.65 (АҚШ ДОЛЛАРЫ) ↑ EUR 477.65 (ЕУРО) ↑ RUB 5.49 (РЕСЕЙ РУБЛІ) ↓ TRY 19.29 (ТҮРІК ЛИРАСЫ) ↓ CNY 62.76 (ҚЫТАЙ ЮАНИ) ↑ JPY 3.21 (ЖАПОН ИЕНИ) ↑ KGS 5.11 (ҚЫРҒЫЗ СОМЫ) ↓

**АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ**

**ПОЙЫЗ КЕШІККЕНДЕ ТӨЛЕНЕТІН ӨТЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ**

Пойыз кешіккен әр сағат үшін жолаушы-ға жол жүру құжаты құнының 3 пайызын қайтарады. Қайтарылған сома жол жүру құжатының құнынан аспауы керек. Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның Баспасөз қызметі хабарлады.

«Егер алты сағаттан астам уақыт кешіккен жағдайда, жолаушылар вагон-мейрамханаларда тегін тамақтана алады. Жол жүру жағдайларының өзгеруі мен пойыздардың екі сағаттан астам уақыт кешігуі туралы жолаушыларға SMS хабарлама жолданады. Сондай-ақ, техникалық және технологиялық мүмкіндіктерді ескере отырып, тамақтану орындарының, сауда нүктелерінің санитарлық аймақтардың үздіксіз жұмыс істеуі бақыланады», – делінген хабарламада.

Вокзалда жолаушыларға ақпарат беру бойынша 1433 анықтама телефоны жұмыс істейді. Жол жүру құжаттарын қайтару бойынша +7 707 270 36 64 телефонына хабарласуға болады.



**«Мегаполистің «Жасыл ел» жасағы қатарындағы белсенділер саны жыл сайын артып келеді. Былтыр уақытша маусымдық жұмыспен 14 пен 35 жас аралығындағы 1 900 жас қамтылды...»**

**ЗУХРА ИМАНБАЕВА,**  
«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ

**ҚАРАЛЫ ҚАҢТАРДАН КЕЙІН ИЗОЛЯТОРДА КҮДІКТІНІ ҰРЫП ӨЛТІРГЕН**

**7**  
**ПОЛИЦЕЙ 5 ЖЫЛДАН 10 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМГЕ СОТТАЛДЫ**

**«ЖАСЫЛ ЕЛДЕ» ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ**

«Жасыл ел» жасағында жұмыс істейтін алматылық оқушылар қанша еңбекақы алатынын айтты «Жасыл ел» жобасының жетекшісі Зухра Иманбаева.

Спикердің айтуынша, жоба аясында әр балаға 70 мың теңге төленеді, бір айлық жұмысы үшін жасақ жұмысшылары қолына таза 54 мың теңге алады. «Жасылдар» жасағындағылар толық жұмыс күні кестесімен істемейді, бастысы бес күндік жұмыс аптасында 40 сағат жұмыс істесе жеткілікті.

«Жұмысқа түру үшін кәмет жасына толмаған жасөспірімге ата-анасының рұқсаты керек. Әрбір «Жасыл ел» қатарына қабылданушымен жасақта жұмыс істеу мерзіміне еңбек келісімшарты жасалады (маусымнан тамызға дейін істеуге болады). Жұмысқа түру үшін қажетті құжаттар тізімі көп емес – жеке басты растайтын куәлік және еңбекақы түсіп тұратын «Қазпоштан» шоты қажет», – деді жетекші.

Жұмыс орны, жұмыс кестесі, мерзімі және жұмыс шарттары туралы +7 708 928 50 72 телефон нөмірі арқылы білуге, кеңес алуға болады.

**ПРЕЗИДЕНТ ЮНЕСКО-НЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫН ҚАБЫЛДАДЫ**



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азулені қабылдады. Кездесу басында Одрэ Азуле Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Бурабай» және «Марқакөл» қорықтары биосфералық резерваттардың жаһандық желісіне, сондай-ақ «Ортеке» музыкалық-қуыршақ өнері ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгенін растайтын сертификаттарды табыстады.

Ақордада өткен кездесуде Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы мәдени және тарихи мұраларды сақтау, білім және ғылым саласындағы халықаралық байланыстарды кеңейту ісіндегі ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Одрэ Азулеге Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барғаны үшін алғысын айтты.

«Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін аса маңызды. ЮНЕСКО біз үшін ерекше ұйым әрі басымдыққа ие. Біз осы өзара қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жақын арада Өңірлік көпсалалы кеңсе болып қайта құрылатын Алматы қаласындағы ЮНЕСКО бюросының қызметі – Қазақстанның осы ұйыммен табысты байланысының жарқын мысалы.

Өз кезегінде Одрэ Азуле қазақ жерінде қонақжайлық көрсеткені үшін Президентке алғыс айтты. Сондай-ақ, ол ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұралары тізіміне енген Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барған кезде алған әсерін бөлісті.

ЮНЕСКО-ның Бас директоры Президенттің басшылығымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларға, соның ішінде азаматтық қоғамды нығайтуға қатысты бастамаларына жоғары баға берді.

**ҚҰЛДЫҚТАН СҰЛТАНДЫҚҚА КӨТЕРІЛГЕН ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫ**

01-беттен

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына арналған іс-шараларға қатысушыларға өзінің жылы лебізін жолдады. Мемлекет басшысы бұл мерейтойды жоғары деңгейде атап өтуге баса мән беріп отыр. Мерейлі дата аясында 600-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Оның бір бөлігі Мысыр жерінде өтуде. Жалпы, екі халықтың байланысы тереңнен тамыр тартады. Соның бір бастауында Мысыр шежіресіндегі мәмлүктер кезеңі тұрғаны рас. Оның ішінде Бейбарыс сұлтанның есімі ерекше аталады. Ол – мемлекет басқару ісінде дана шешімдерімен дараланған билеуші. Ұлы қолбасшы Мысырды басқарып тұрған кезінде мешіт, медреселер салдыруға, елдің рухани іліммен бірге ғылым-білімді де қатар игеруіне үлкен көңіл бөлді. Бүгін күрделі жөндеуден кейін қайта ашылып отырған «Сұлтан Аз-Заһир Бейбарыс» мешіті Мысыр мен Қазақстан үшін ғана емес, ислам әлемі үшін де бірегей мәдени мұра екені анық. Сондықтан оны қайта қалпына келтіру – әлемдік тарих пен мәдениет үшін маңызды оқиға», – деді Мәулен Сағатханұлы.

Сенат Төрағасы екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға үлкен үлес қосқаны үшін Қазақстан Президентінің Жарлығымен Әл-Азһардың Жоғарғы имамы, шейх Ахмед ат-Тайеб I дәрежелі «Достық» орденімен және Мысыр Парламенті Сенатының Төрағасы Абдель Уахаб Абдель Разек II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталғанын айтты. Екі халық арасындағы мәдени-рухани байланыстың аясын кеңейту жолында белсенділігімен танылған Мысырдың басқа да бірқатар дін, мемлекет және қоғам қайраткерлері Қазақстанның мемлекеттік наградаларымен марапатталды.

Айта кетейік, бұл мешіттің тарихы тереңде жатыр. Мешітті сонау 1266 жылы Бейбарыс сұлтанның өзі салдырған болатын. Мәмлүк сәулет өнері үлгісінде бой көтерген «аз-Заһир Бейбарыс» мешіті кейінгі аумалы-төкпелі дәуірлерде қиын жағдайды бастан кешті. Мұнарасы құлатылып, әскери казармаға, кейін наубайханаға айналған кезі де болды.

**ҚҰНДЫ ДҮНИЕЛЕР МЕН ҚҰНАРЛЫ ДЕРЕКТЕРГЕ ТОЛЫ КІТАП ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ**

Мысыр астанасы Каирде «Sultan Baybars, King of Arabs, non-Arabs and Turks. From the great steppe to the great sea» («Арабтар, араб емесстер және түріктердің патшасы – Сұлтан Бейбарыс. Ұлы даладан ұлы теңізге дейін») деген кітаптың тұсауы кесілді.

«Ұлы билеушінің мұсылман әлеміне жасаған тарихи қызметін ұлықтап жатқан бүгінгі іс-шараның мәні мен маңызы зор деп білеміз. Жарық көріп жатқан жаңа кітапта сол кездегі тарихи жазбалар мен ескерткіштердегі тасқа басылған құнды дүниелер, құнарлы деректер жинақталған. Бұл зерделі зерттеу «Бейбарыстануға» қосылған үлкен ғылыми еңбек боларына бек сенімдіміз», – деді салтанатты рәсімде Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі.

Министр Бейбарыс және мәмлүк тарихы мен мәдениетіне, Бейбарыстың тұл-



ғасы мен тарихына қатысты іргелі зерттеу жұмыстарының қолға алынатынын көпшілікке жеткізді.

**«БЕЙБАРЫСТАНУ» ОРТАЛЫҒЫН АШУ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ**

Мысырға жұмыс сапары барысында Дархан Қыдырәлі Мысырдың Уақыптар министрі Мұхаммед Мұхтар Жұма және Әл-Азһар университетінің ректоры Салыма Даудпен кездесті. Кездесуге Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төра-

ғасы мен тарихына қатысты іргелі зерттеу жұмыстарының қолға алынатынын көпшілікке жеткізді.

Қазір Мысырдағы Әл-Азһар университетінде қазақстандық студенттер оқиды. Қазақстандағы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде Әл-Азһар университетінен арнайы келген профессорлар сабақ береді.

Тараптар былтыр қыркүйек айында өткен қамқоршылар кеңесінің хаттамасы аясындағы мәселелерді тағы бір пысықтап, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде «Бейбарыстану» орталығын ашу жайын талқылады.

**ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН**

**Асқан талантымен құлдықтан қайраткерлікке дейін жеткен, қарапайымдылығымен және діндарлығымен елге танымал болған қазақ тарихындағы аса ғажайып тұлға Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығы халықтың, тарихтың, ар-ұжданның алдындағы жауапты той болмақ.**

**МӘЖІЛІС ЗАҢСЫЗ АЛЫНҒАН АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРАТЫН ҚҰЖАТТЫ МАҚҰЛДАДЫ**



Мәжілістің жалпы отырысында «Заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң жобасы мен ілесіп құжаттар бірінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасы аясында Арнайы уәкілетті орган мен комиссия құрылады, заңды және жеке тұлғалардың жабық реестрі жасалынып, мемлекеттік қор жасақталады.

Депутат Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, активтерді қайтаруға бағытталған шаралар жеке тұлғалармен тығыз байланыста болған өзге тұлғаларға да қолданылады.

«Мәселен, жақын туыстары, таныстары, көлік жүргізушісі, қызметшісі және олардың мүлкіне номиналды иелік ететін адамдар жатады. Аталған заң жобасы ірі сыбайлас жемқорлыққа және республикалық, жергілікті деңгейдегі әкімшілік билікпен біте қайнасқан олигополиялық топтарға қарсы пәрменді шара енгізеді», – деп нақтылады 37 жастағы депутат.

Заң жобасында азаматтық процесс аясында тәркілеудің мынадай алгоритмі ескерілген:

- Бірінші. Егер мониторинг және ақпаратты талдау қорытындылары бойын-

ша құны 100 млн АҚШ долларынан асатын активті сатып алушы заңдылығына байланысты күмән болса, уәкілетті орган субъектіні және оның үлестес тұлғаларын реестрге енгізу мәселесін комиссияның қарауына шығарады.

- Екінші. Материалдарды қарау қорытындылары бойынша комиссия адамды реестрге енгізу немесе қоспау туралы ұсыныс береді.

- Үшінші. Уәкілетті орган реестрге енген азаматтарға олардың активтері туралы декларацияны тапсыру құқығының барын жеткізеді. Декларацияларды тексереді және тексеру нәтижелерін Комиссияның қарауына шығарады. Соның нәтижесінде комиссия одан әрі шаралар қабылдау туралы ұсынымдар шығарады.

Сүренсіз статистикаға бір тоқталайық. 2021 жылы Қазақстанда самокаттардың қатысуымен 68 апат болып, соның ішінде бір адам көз жұмған. Ал, 71 адам зардап шеккен. Былтырғы статистика да көңіл көншітпейді. Биылғы статистика қолымызда жоқ. Дегенмен, статистиканың жақсарып кететініне сену қиын. Соңғы бір айдың өзінде елімізде адам денсаулығына ауыр зиян келтірген екі жағдай тіркелді. Бірінші оқиға оқиға 7 мамыр күні Балқашта орын алды. Самокат тейіп келе жатқан 8 жастағы бала жаяу жүргіншілер өткелінен өтпек болған кезде «Toyota RAV 4» көлігін тізгіндеген 63 жастағы жүргізуші қағып кеткен. Зардап шеккен бала жедел жәрдеммен қалалық ауруханаға жеткізілген. Бірден жансақтау бөліміне түсіп, оған ота жасалған. Балада ми мен іш қуысының жарақаты анықталған.

Самокатшыға қатысты екінші жағдай Алматыда тіркелді. 15 мамыр күні бір ер адам «Алматы-1» және «Алматы-2» станциялары арасында теміржолды белгіленбеген жерден кесіп өтпек болған. Самокатшының кесірінен «Маңғыстау-Алматы» жолаушылар пойызы шұғыл түрде тоқтатылған.

Мұндай келеңсіз жағдайлардың шығу себебі самокатшыларға арнайы ереже қарастырылмаған. Таяуда осы мәселе бойынша Мәжілісте арнайы заң ұсынылды.

**ЖАҢА ЗАҢ ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕНІҢ ТҮЙІНІН ТАРҚАТА МА?**

Енді өткен айда мәжілісмендер мақұлдаған заң жобасына тоқталайық. Электрлі самокаттардың қозғалысын реттеуге арналған түзетулерде олардың қатарында жылдамдығы сағатына 25 шақырымға жететін көлік құралдарын атайды. Сондай-ақ, бұл құжат бойынша самокаттар велосипед жолдары мен жол жиектерінде, тротуарларда жаяу жүргіншілер ағынының жылдамдығымен сағатына 6 шақырымнан аспайтын жылдамдықпен шектеусіз қозғала алады.

«Электрлі самокаттарды жолдың оң жақ жолағымен, атап айтқанда, бір қатардағы автобус жолағымен жүргізуге рұқсат етіледі. Әйтсе де, бұл үшін жүргізуші 18 жаста болуы шарт, сондай-ақ ол басына қорғаныс шлемі мен жарық сәулесін түсіретін киім киюі және онда кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі болуы тиіс» деп көрсетілген аталған заң жобасында. Бұған қоса, енді электрлі самокатпен жүк және жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады.

Аталмыш заң жобасын таныстырған Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева: «Көлік жолы мен жаяу жүргіншілер жолындағы электрлі самокаттар қозғалысы жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілері үшін қауіпті. Заң жобасы осыдан екі жыл бұрын әзірленген. Әйтсе де, электрлі самокаттардың техникалық регламенті 2022 жылдың шілдесінде ғана қабылданды», – деп нақтылады.

Халық қалаулысы заң жобасын ұсынған депутаттар әкімдіктердің қала кеңістігін жоспарлауға қатысуын және серіктестіктердің жауапкершілігін, сондай-ақ көліктің жаңа түрлерін тіркеуді қамтамасыз ету үшін реттеу құралдарының екінші пакетін дайындауға кіріскенін айтады.

Қазақстанға электрлі самокаттар, шағын мотоциклдер, гироскутерлер сынды «бөгде» көліктердің келгеніне көп бола қойған жоқ. Олар елімізге келген бойда қала көшелерін «жаулап» алды. «Жол жүрісі туралы» заң басында оларды елеген жоқ. Осыдан келіп бұл «бөгде» көліктердің жол ережесін белден басып белең алды. Бұлардың қатысуымен жол апаттары тіркеле бастағандан кейін арнайы заң қабылдамақса болмайтын жағдай туды.

Міне, осылайша Мәжіліс Ішкі істер министрлігі әзірлеген қолданыстағы заңнамаға жаңа дәстүрлі емес көлік түрлеріне арналған өзгерістер мен толықтырылымдар енгізуге көшті. Әйтсе де, бұл заң мәселені толық шеше ала ма? Себебі, электрлі самокаттар әлі күнге дейін мемлекеттік тіркеуге жатпайды. Ал, мемлекеттік тіркеу нөмірі болмаса, көлікті анықтау мүмкін емес. Демек, ісінде де айыппұл сала алмайсың.

Жоғарыда айтылған түзетулер ресми түрде әлі күшіне енген жоқ. Конституциямен реттелетін тәртіп бойынша Мәжіліс заң қабылдағандан кейін құжат Сенатқа жіберіліп, онда 60 күн ішінде қаралуы керек. Аталған заңды мәжілісмендер 10 мамырда мақұлдады. Соңғы сөзді енді сенаторлар айтады.

Сенат түзетулерді мақұлдаса, заң Президенттің қол қоюына өтеді. Ал, ол алғашқы ресми жарияланғандан соң, 10 күннен кейін ғана күшіне енеді. Әйтсе де, Сенат құжатты мақұлдауы да мүмкін. Өйткені, заң жобасының шикі тұстары бар. Жоғарыда жазғанымыздай, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасында жаңа дәстүрлі емес көлік түрлеріне мемлекеттік тіркеу нөмірін алу мәселесі қарастырылмаған. Онсыз самокатшыларды жауапқа тарту мүмкін емес. Сөйтіп, бұл заңның мәні болмай қалады.

**ЭЛЕКТРЛІ САМОКАТТАР ДӘСТҮРЛІ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА БАЛАМА БОЛА АЛА МА?**

«Елімізде дәстүрлі емес осы бір көлік не үшін керек?» деген заңды сұрақ туындайды. Жаһандан үрдісінде әлемде болып жатқан жаңалықтар Қазақстанға да келмей қоймайтыны анық. Жаңалықтар ғана емес, дүниені жаулаған жаңа заттар мен құрылғылар да бірге келеді. Электрлі самокаттар бүгінде көптеген елдің мәселесіне айналған. Себебі, әлемде дәстүрлі көліктерге басқа бір балама әлі пайда бола қойған жоқ. Фантастикалық фильмдерде жиі көрсетілетін ұшатын көліктер де әлі шығып үлгермеді. Сол үшін қазір жастарға

**САРСАҢҒА САЛҒАН САМОКАТ**

**ЖАҢА ЗАҢ ЭЛЕКТРЛІ САМОКАТҚА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ РЕТТЕЙ АЛА МА?**



■ Қазір еліміздің ең ірі мегаполисінде төрт компания кикшеринг қызметін ұсынады, олар: Ozim Scooters, JET, Whoosh, Eleven

электрлі самокаттардан артық көлік табылмай тұр.

Бізден бөлек, басқа мемлекеттерде де электрлі самокаттарға тыйым салу туралы жаңалықтар айтылууда. Франция соның бір мысалы. Жуырда Парижде электрлі самокаттарды жалға беруге тыйым салынған болатын. Заңсыздықтардан шаршаған париждіктер бұл көліктің құзыретін шектеуге дауыс берді. Бірақ, мұнда тек жалға беруге ғана тыйым салынады. Ал, жекеменшік самокат иелеріне тыйым жүрмейді. Бұл жай ғана ашынған тұрғындарды басу үшін жасалған шара деуге де болатындай.

Жалпы әлемде халық саны көбейген сайын қозғалыс та артауда. Ал, адамдарды жеке тасымалдауға балама тым қымбат. Егер электрлі самокаттарға тыйым салынса, оны пайдаланушылардың бәрі қоғамдық көлікке қарай ағылады. Кейбіреулері жеке көлікке ауысады. Бұл қала қозғалысындағы кептелістің артуына алып келуі мүмкін. Ал, бұл келесекте жаңа жолдар мен жолайрықтарды салуға итермелейді. Оның бәрі қыруар қаржыға келіп тіреледі.

Қазақстанда да электрлі самокаттардың қозғалысын біржолата шектеу жақын арада мүмкін болмайтын сыңайлы. Тәртіп бұзып, жол апаттарына себеп болып жатқандарды заң бойынша жауапкершілікке тарту ісі бір жолға қойылса да құба-құпп.

**КӨК ТҮТІНГЕ ОРАНҒАН МЕГАПОЛИСТЕРДЕ САМОКАТТЫ ТІЗГІНДЕУ ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯН БА?**

Соңғы жылдары электрлі самокаттардың денсаулыққа әсері туралы әңгімелер де айтылып жүр. Дәрігерлер көлік көп жүретін қалаларда самокат пайдаланбауға кеңес береді. Олар газданған мегаполистерде жүгіру сияқты электрлі самокаттардың да денсаулыққа пайдасынан гөрі зияны басым екенін айтады. Өйткені, мегаполисте қоғамдық көлікті аядамаларда күтіп тұрған жолаушыларға да дәрігерлер жол жиегінен аулақ тұруға кеңес береді.

Жалпы Еуропада шағын көлік инфрақұрылымы мен оның қозғалыс мәдениеті жиырмасыншы ғасырдың басында қалыптаса бастаған. Бұл инфрақұрылым мен мәдениет дамуы жағынан біздің елмен салыстыруға келмейді. Мәселен, алғашқы велосипед жолы 1910 жылы Дания астанасы Копенгагенде пайда болған. Қарт құрлықтың ауасы мен еліміздегі ауа тазалығында да айырмашылықтар бар. Бір сөзбен айтқанда, ауасы лас қалада электрлі самокаттардың ағзаға пайдасынан гөрі зияны көп.

**ЭЛЕКТРЛІ САМОКАТТАР ҚАШАН ПАЙДА БОЛДЫ?**

Электрлі самокаттар әлемде қашан пайда болды? Енді осы сұраққа жауап іздеп көрейік.

Әлемді жаулаған бұл құрылғылардың елімізге келгеніне көп бола қойған жоқ. Десе де, бұның тарихы тым әріден басталады. Еуропа көшелерінде аталмыш екі доңғалақты көлік XIX ғасырдың соңына қарай пайда болған. Дәл қазір біздің күнде көріп жүрген электрлі самокаттардың «арғы аталары» электрлі велосипедтер 1890

жылдардан жарыққа шыға бастаған. Дегенмен, оның нақты қай күні өмірге келгені белгісіз. Ең алғаш тіркелген электрлі велосипедтің патенті 1895 жылдан басталады. Оны ойлап шығарған өнертапқыш – кіші Огден Болтон. Ол өнертабысының электрлі велосипед дизайнын жақсартуға арналғанын мәлімдеген. Демек, электрлі велосипедтер оның алдында да болған. 1896 жылы Ұлыбританиядағы бас велосипед өндіруші – «Humber» компаниясы екі адамға арналған алғашқы электрлі велосипедті ұсынды. Құрылығы көлемді әрі ебедейсіз болғанымен, ол XX ғасырдың басында автомобильге маңызды балама ретінде қарастырылды. Ал, электрлі самокат алғаш қай кезде пайда болды? Оның да тарихы тым әріден басталады.

Әлем алғаш рет технологияның бұл жақаша түрімен 1915 жылы «Autoped» американдық компанияның самокаттары Нью-Йорк дүкендерін толтырған кезде танысты. Демек, автопед – бұл қазіргі моторлы заманауи самокаттардың алғашқы нұсқасы. Ол көлік қозғалысы әлі ешқандай заңмен реттелмеген уақытта пайда болды. Бағдаршам одан 15 жылдан кейін ғана ойлап табылды. Бір сөзбен айтқанда, электрлі самокаттар тіпті жол ережелерінен де көне деуге болады.

Қазіргі таңда электрлі самокаттар қалай сыңға ұшыраса, алғашқы автопедтер де сының астында қалды. Тіпті, оған «байлардың кезекті бір ойыншығы» деп қарады. Әйтсе де, «Autoped» компаниясының жарнамасы электрлі самокаттарды тек байлардың ғана көлігі емес, заманауи әйелдердің бостандығы мен еркіндігінің символына айналдыруға тырысты. Бүгінгі таңда электрлі самокаттағы қыз ешкімді таңдандырмайтыны белгілі. Ал, сол уақытта Флоренс Норман есімді француз әйелінің күнделікті жұмысқа автопедпен бара жатқаны адамдардың назарын аудармай қойған жоқ. Әйгілі америкалық ұшқыш Амелия Эрхарт та самокатпен кетіп бара жатқанда бірнеше рет суретке ілініп үлгерген.

Әрине, электрлі самокаттар тек әйелдерді ғана қызықтырмады. Сол уақыттағы Нью-Йорк пошта қызметі «Autored» компаниясымен пошташыларды жаңа көлікпен қамтамасыз ету туралы келісімшартқа қол қойды. Полицейлер көшелерді күзету үшін электрлі самокаттарды пайдаланды. Олармен бірге екі доңғалақты көлікті жергілікті құқық бұзушылар да қолданды. Осылайша, олар қылмыс орнынан тез қашып кетіп отырған. Сондықтан баспасөз

бұл өнертабысқа аса қошемет көрсетпеді. Велосипедшілер қауымдастығы автопедті «ұсқынсыз» деп атаса, ал «The Sun» газеті оны «шайтанға арналған жалғыз вагон» деп сипаттады. Алайда, бұл да электрлі самокаттарға деген қызығушылықты бәсеңдетпеді. Халық электрлі самокат жаяу жүруден арзанырақ деп қарады.

2017 жылдың қыркүйегінде АҚШ-тың Калифорния штатындағы Санта-Моника қаласының тротуарлары электрлі самокаттарға толып кетті. Тұтынушылар самокаттарды жалға беру қызметтерімен ірі қалаларда бұрыннан таныс болатын. Бірақ, «Bird» компаниясы жалға алуды арзан еткені сонша, оған қарсы тұру мүмкін болмады. Бұдан бөлек, «Lime» компаниясы да Сан-Франциско көшелерін өз самокаттарымен толтырды. Бәсекелестік жалға беру индустриясының қарқынды дамуына түрткі болып, бұл өз кезегінде инвесторлардың назарын аударды. Сонымен, 2018 жылы венчурлық фирмалар мен ірі компаниялар («Uber», «Alphabet», «Google Ventures») самокаттардың шерингтеріне миллиард доллардан аса инвестиция құйды.

1939 жылы шілде айында Питер Минтон есімді он алты жасар бозбаланы Рокавей-Бич бульварында электрлі самокатпен келе жатқанда полиция қызметкері тоқтатып, айыппұл салып, шақыру қағазын берді. Оның себебі жасөспірім көлік құралын жүргізуші куәлігінсіз басқарған.

Электрлі самокаттарда шеринг қызметінің пайда болуы XXI ғасырда да, бұдан 84 жыл бұрын да заңнамалық шатасуларға әкеліп соқтырды. Шетелдегі кейбір қала тұрғындары электрлі самокаттарды ұнатпайтынын іспен көрсетті. 2019 жылы қарсылық шарықтап, вандализм шегінен өтті. Самокаттар өртенді, бұзылды, ұрланды. Тіпті, бір адам 60 электрлі самокатты көлге тастады. Осылайша, қысым болған соң, қалалар мен елдерде біртіндеп жалға берілетін самокаттардың қозғалысын реттейтін немесе оған мүлдем тыйым салатын заңдар енгізіле бастады.

Велосипедтер мен самокаттарда өлім қаупі бірдей болғанымен, самокатшылардың жарақат алу ықтималдығы 6%-ға жоғары. Осыған қарамастан 2018 жылы электрлі самокаттармен жүру сапарлары барлық микромобильдік сапарлардың 45,8%-ын құрады. Әсіресе, көліктің бұл түрі пандемия кезінде тым танымалдыққа ие болды. Себебі, электрлі самокаттар әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, жұмысқа жетуге мүмкіндік берді.

**ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН**

Қоғам өміріне сіңісіп кеткені соншалық бүгінде елімізде электрлі самокаттар ең танымал қозғалыс құрылысына айнала бастады. Қалада халық саны артқан сайын жаңа көлікке сұраныстың да көбейгені байқалады. Алматыда екінші бірі электрлі самокатпен кезіп жүргеніне күнде куә болып жүрміз. Пайдасынан зияны көп болмас үшін электрлі самокаттарға байланысты заңнамалық мұқият қарап, құзырлы орындар өзекті мәселені оңтайлы шешсе құба-құп. «Мемлекеттің басты байлығы – адам өмірі» деп жиі айтылады. Ендеше, оған зиян болған кез келген қауіпке сергектікпен қарап, бұлтартпас заңнамалық нормаларды енгізетін күш туып отыр. Әйтпесе, қала көшелерінде күн сайын заң бұзушылық пен оғаш оқиғаларға кезіге бермекпіз.

**АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ**

**ҚАЙ САНАТТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАТАҚХАНА ШЫҒЫНЫ ӨТЕЛЕДІ?**

Үкіметте халықтың әлеуметтік осал топтарының жекелеген санатына жататын басқа қаладан келген студенттердің жатақханада тұруға жұмсалатын шығындарын субсидиялау мәселесі пысықталып жатқанын хабарлады премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов.

Мемлекет келесі санаттағы студенттердің колледжде және ЖОО-да оқу кезеңінде жатақханаларда тұрғаны үшін жылына 29 АЕК-тен (100 050 теңге) аспайтын шығыстарын өтейді:

- жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасын жоғалтқан немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер;
  - мүгедектігі бар студенттер.
- Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің мәліметінше, 2022-2023 оқу жылында ЖОО мен колледждерде әлеуметтік осал топ санатындағы 218,5 мың студент оқиды.

**14 МЛРД ТЕҢГЕ АЛИМЕНТ ҚАРЫЗЫН АРҚАЛАҒАН**

**15 МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАР**



«Бүгінде Ұлттық қордың қаражатын үнемдеу саясатын жалғастыру мақсатында республикалық бюджетке берілетін трансферттер қаражатын біртіндеп азайту қарастырылған. Бұл Мемлекет басшысының Ұлттық қордың қаражатын 2030 жылға қарай 100 млрд долларға дейін жеткізу жөніндегі тапсырмасын орындауға мүмкіндік береді...»

**ЕРҰЛАН ЖАМАУБАЕВ, ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ – ҚАРЖЫ МИНИСТРІ**

**ЕНДІ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА НЕКЕ ҚИДЫРУҒА БОЛАДЫ**

Осы айдан бастап АХАТ бөлімдерінің функциялары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына беріледі. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында (ХҚКО) азаматтық хал актілерін тіркеуге байланысты мемлекеттік қызметтердің барлық түрі көрсетіледі.

Алматы қаласы Әділет департаментінің тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімі басшысы Жанар Бейсенованың мәліметінше, неке кию және бұзу, өлімді мемлекеттік тіркеу, акт жазбаларына өзгерістер, толықтырулар, түзетулер енгізу, оның ішінде атын, әкесінің атын, тегін өзгерту, әкелікті (анасы екенін) анықтау, бала асырап алу секілді мемлекеттік қызметтер көрсетіледі. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру және жою, анықтамаларды электрондық нұсқада немесе қағаз түрінде беру қызметтері де бар.





Алматы қаласынан 40 шақырымдай жерде Жаңалық ауылы орналасқан. Алматы облысының Талғар ауданына қарайтын ауылдың аумағында отызыншы жылдардың ойранында «қызыл террордың» құрбаны болғандардың қаны төгілген. Сол ауылда 2018 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музей ашылған еді. Сондағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» залында жазықсыз жазаланған төрт мыңнан астам адамның аты-жөні мәрмәр тасқа қашалып жазылып, қабырғаларына ілінген. Әрине, қара тақтаның қасына келгенде денең түршігеді. Қасіреттен қасиетке айналған осы киелі орынға тек музей ретінде ғана емес, нағыз ғылыми орталық ретінде де қараған жөн болмақ.

1953 гг.)» деп аталатын кітабының таныстырылымы болды. Бұл құнды туындыларда халықтың басына күн туғанда, атойлап алға шыққандардың солақай саясат салдарынан «халық жауы» атанып, жаласыз жапа шеккен арыстарымыз және 1921-1933 жылдар аралығындағы қазақ халқының басына түскен ашаршылық қасіреті туралы баяндалады. Оқырман игілігіне жол тартқан бұл жаңа кітаптар зерттеушілер мен тарихқа қызығушылық танытқандарға құнды қазына болып табылады. Бір атап өтерлігі, «Арыс» баспасынан шыққан кітаптар ҚР Ұлттық кітапханасы қорына сыйға тартылды.

Қарт тарихтың қойнауына көз салсақ, қазақ халқының мерейі үстем болған дәуірлермен қатар, қайғы-қасірет тартқан кезеңдері де аз болмағанын байқаймыз. Тарихтың ақтаңдақ беттерін парақтаған сайын 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнінің маңызын тереңірек ұғына түсеміз. Бұл – ескерткіштердің басына гүл шоқтарын қойып, боздақтардың рухына Құран ба-

# ҚАСІРЕТТЕН ҚАСИЕТКЕ АЙНАЛҒАН КИЕЛІ ОРЫНДА ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ АЛАР ЖИЫН ӨТТІ



## Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Жаңалық ауылындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейінде Саяси қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күніне орай «Азалы жылдар мен азапты жолдар: тарих сабағы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Тарихтан тағылым алар тартымды жиынға саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның, өңірлік комиссияның жұмыс топтары өкілдері, отандық және шетелдік тарихшы ғалымдар, оқытушылар, архив қызметкерлері мен өлкетанушылар қатысты.

Жиында қуғын-сүргін мен ашаршылықты зерттеумен айналысып жүрген филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнес, «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры, әлихантанушы-ғалым Сұлтан Хан Аққұлы, жазушы, публицист Бейбіт Қойшыбаев қатарлы архив ақтарып, тарих түгендеген қайраткерлер сөз сөйледі.


Конференция барысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығымен құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның жұмыстары таныстырылды. Сонымен қатар, «Кеңестік дін саясатымен қудаланғандар», «Алатау өңірі. Алаш қайраткерлері», «Хужир-



ты құрбандары», «Серт», «Мұстафа Шоқай: өмірі мен қызметі, шығармашылығы», «Қожықов Қоңырқожа шығармалары», «Үш биік», «Мүбинә Ниязова: Алаш азаттығы жолында», «Түркістан облысындағы 1920-1921 жылдардағы және 1930-1933 жылдардағы ашаршылық», «Тараз тарланы», «Бостандық және Созақ аудандарындағы көтерілістерге қатысты архивтік құжаттар мен мақалалар

жинағы» сияқты құнды еңбектердің лентасы қиылды. Алатаудың ар жағынан келген айыр қалпақты ағайындардың да кітабы оқырманға жол тартты. Айталық, Төлебек Абдырахманов, Болотбек Абдрахманов, Жумагул Байдилдаев пен Салтанат Асекованың «Книга памяти о лицах казахской национальности и уроженцах Казахстана, репрессированных в Кыргызстане (1920-

ғыштап қайтатын күн ғана емес, бүгінгі бейбіт күнге қандай қиямет-қайым жолдармен жеткенімізді санада саралайтын әрі тарихтан сабақ алар тұс. Ендеше, Ғарифолла Әнес басқаратын Алаш қайраткерлерінің мұрасын зерделеуді мұрат еткен «Арыс» қоры мен баспаның тарихымыздың ақтаңдақ беттерін ашуға қосып жүрген зор үлесін атап өтпекке болмайды.



Жер көлемі Алматы қала-сынан сәл үлкен қала-мемлекет Сингапурда Үнді-Тынық мұхиты аймағындағы ең ірі саналатын «Шангри-Ла диалогы» қауіпсіздік форумы өтті. 2002 жылдан бері «Шангри-Ла» қонақ үйінде тұрақты өткізіліп келе жатқан биылғы форум 49 мемлекеттің қорғаныс министрлері мен барлау қызметі басшыларының басын қосты. Украинадағы қарулы қақтығыс және оны шешу жолдары пікірталастың басты тақырыбына айналды. Дегенмен, форум Батыс пен Шығыс елдері арасында бұл соғыс турасында бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі көзқарастың барын байқатты. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін қауіпсіздік форумының қалай өткеніне тоқталады.

Жасулан  
МӘУЛЕНҰЛЫ

**РЕСЕЙДІ  
ШАҚЫРУДЫ АРТЫҚ  
САНАҒАН  
ҚАУІПСІЗДІК ФОРУМЫ**

Азия-Тынық мұхиты аймағы елдері өкілдерінің қатысуымен 2-4 маусым күндері Сингапурда өткен «Шангри-Ла диалогы» Украинадағы қарулы қақтығыс жағдайындағы екінші форум болды. Қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясының азиялық аналогына айналған жиын бір жыл бұрынғыдай ресейліктердің қатысуынсыз өтті. Былтыр Мәскеуге жіберілген шақыру билеті жарты жолдан кері қайтарылса, биыл шақырылған да жоқ. Әрине, айдың-күннің аманында көршісіне басып кірген елдің қауіпсіздік тақырыбын көтерген форумға қатысуының өзі нонсенс болар еді.

Биыл «Шангри-Ла диалогында» Батыс елдері спикерлерінің арасында АҚШ қорғаныс министрі Ллойд Остин, оның Ұлыбритания мен Германиядағы әріптестері Бен Уоллес пен Борис Писториус және еуропалық дипломатияның басшысы Жозеп Боррель болды. Украина тарапынан қорғаныс министрі Алексей Резников қатысты. «Азиялық команда» олардың айтқанына көнбейтіндей, айдауымен жүрмейтіндей кейіп танытты.

Қытай қорғаныс министрі Ли Шанфу Украина мен Ресей арасындағы соғысқа Бейжіңнің бұрынғы ұстанымы еш өзгермегенін тілге тиек етті. Бруней, Вьетнам, Индонезия, Камбоджа, Лаос, Малайзия, Мьянма, Сингапур, Таиланд және Филиппиннің басын қосқан ASEAN елдерінің Ресейге қарсы санкцияларға қосылмағанын ескерсек, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің айтар уәждері әу бастан белгілі еді. Оңтүстік Корея қорғаныс министрі Ли Чжон Соп жиынға Украинаның қару-жараққа мұқтаждығын емес, аймақтың қауіпсіздігін айтуға келгенін кесіп айтты. Ал, жиынның қожайыны – Сингапур қорғаныс министрі Нг Энг Хен қонақтарды Украинада орын алған оқиғаның Азияда қайталануына жол бермеу қажеттілігін түсінуге шақырды. Әйтсе де, Сингапурдағы үш күндік пікірталастың өзегі бәрібір украин дағдарысы болды.

**КИЕВ,  
ВАШИНГТОН  
МЕН БРЮССЕЛЬ ҚЫРЫН  
ҚАРАҒАН  
БЕЙБІТ ЖОСПАР**

Форумның ашылу қарсаңында оның қатысушыларына Лондон халықаралық стратегиялық зерттеулер институты (IISS) әзірлеген «2023 жылғы аймақтық қауіпсіздік жағдайын бағалау» тақырыбындағы баяндама ұсынылған болатын.

«Ең үлкен мәселе – Украина қақтығысы кезінде күшейген Қытай мен Ресей арасындағы тығыз стратегиялық серіктестіктің аймақ қауіпсіздігіне әсері. Жанжал геосаяси үдеткіш ретінде жұмыс істеді», – деп атап өтті баяндаманы талқылау барысында Лондон халықаралық стратегиялық зерттеулер институтының Азия бөлімшесінің аға ғылыми қызметкері Линн Куок.

Әрине, Линн Куоктың бұл пікірі Ли Шанфуға мүлдем ұнаған жоқ. Қытай қорғаныс министрі аға ғылыми қызметкерге жақтырмай қарады.

Индонезия қорғаныс министрі Прабово Субантоның пікірталас алаңында көпшілікке ұсынған Украинадағы қақтығысты тоқтату туралы Джакартаның бейбіт жоспары үлкен резонанс тудырды. АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Украина және Еуропалық Одақ өкілдері басын шайқады.

Сонда Азия елдері тарапынан ұсынған екінші бейбіт жоспарға (оның алдында Қытай ұсынды) Украина мен Батыс елдерінің өкілдері неге басын шайқады? Енді Индонезия қорғаныс министрінің сөзіне кезек берейік.

«Мен осы мүмкіндікті пайдаланып, Украина мен Ресейдегі бауырларымызды соғысты тоқтату туралы келісімге тезірек келуге шақырғым келеді», – деп мәлімдеді Прабово Субанто.

Генералдың пікірінше, бар кінәні бір тарапқа ғана артып қоюға болмайды.

«Әр қақтығыста екі нұсқа болады. Екі тарап та өздерінің дұрыстығына нық сенімді. Бірақ, бүкіл әлемнің қауіпсіздігі мен жазықсыз жандардың амандығы үшін біз қарулы қақтығысты мүмкіндігінше тезірек тоқтатуға қол жеткізуіміз керек», – деп сөзін жалғасты Прабово Субанто.

Осы пікірінен кейін көпшілік алдында Индонезия қорғаныс министрі Джа-

# «МЕН НЕ ДЕЙМІН, ДОМБЫРАМ НЕ ДЕЙДІНІҢ» КЕБІН КИГЕН ФОРУМ

## УКРАИНА МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС БАТЫС ПЕН ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА СЫЗАТ ТҮСІРДІ МЕ?



PHOTO: REUTERS

■ «Мен Украинадағы соғысты қалай аяқтау керектігін білемін. Әрі бұл өте оңай. Біз Украинаны әскери қолдауды тоқтатамыз. Болды. Соғыс бірнеше аптадан кейін аяқталады», – деп Сингапур төрінде мәлімдеген Еуропалық дипломатия басшысы Жозеп Боррель «мұндай шешімнің Украина мен әлемдік қауымдастыққа қаншалықты қажет» екенін ойлауды шақырды...

картаның бейбіт жоспарының негізгі тарамақтарына тоқталды.

«Бірінші: екі тарап та соғыс қимылдары мен атыс-шабыстарды толық тоқтатып, қазіргі уақытта тұрған позицияларда қалып, оны бекіту. Екінші: әскерлерді алдыңғы қатарлы позициялардан әр бағытта 15 шақырымға шығару және демилитаризацияланған аймақ құру. Үшінші: БҰҰ-ның бақылау контингентін дереу жасақтау. Төртінші: БҰҰ контингентін бүкіл демилитаризацияланған аймаққа орналастыру. Бесінші: БҰҰ жергілікті тұрғындардың пікірін ескере отырып, даулы өңірлерде референдумдар ұйымдастыруы тиіс», – деген Прабово Субанто Индонезия БҰҰ-ның бітімгершілік миссиясы аясында өзінің әскери бақылаушылары мен жауынгерлерін жіберуге дайын екенін жеткізді. Алайда, генерал референдум туралы әңгіме жанжал аймағындағы қандай «даулы жерлер» жөнінде болып тұрғанын нақтылаған жоқ.

Индонезия қорғаныс министрі аталған бейбіт жоспардың негізі Оңтүстік пен Солтүстік Корея арасындағы демилитаризацияланған аймақ принципі бойынша құрылғанын мойындады.

«Корейдағы үлкен қақтығыс соғыс қимылдарын тоқтату және демилитаризацияланған аймақ құру арқылы шешілді. Иә, Корея түбегіндегі қақтығыс әлі күнге дейін түпкілікті шешілген жоқ. Бірақ, соған қарамастан соңғы елу жылда қандай да бір бейбіт өмірдің ошағы орнықты. Бұл мыңдаған жазықсыз жандардың жаппай қырылғанынан әлдеқайда жақсы», – деп сөзін түйіндеді 71 жастағы генерал.

Прабово Субанто ұсынған Индонезияның бейбіт жоспарынан Украина қорғаныс министрі Алексей Резников бірден бас тартты. Тіпті, Киев мұндай ұсыныстарды қарастыруға да уақыт құртпайтынын жасырмай айтты.

«Құдды бір Индонезия жоспары емес, Ресейдің жоспары сияқты естіледі екен. Біз бұл соғыста жеңіске жетуіміз керек, содан кейін ғана Кремль режимімен немесе жаңа президентімен келіссөздер жүргіземіз», – деп сенімді сөйледі украин министрі.

Алексей Резниковтың орынбасары Владимир Гаврилов Киев өз жерінен, соның ішінде Қырымнан бас тарту туралы қандай да бір келісімді талқылаудан бас тартатынын атап өтті. Бұған дейін Украина сыртқы істер министрінің баспасөз хатшысы Олег Николенко Индонезия жоспары жарамайтынын, өйткені ол қақтығыс аймағындағы Ресей әскеріне уақыты үнемдеуге мүмкіндік беретінін мәлімдеді. Сөйтіп, Киев Джакартаның бейбіт жоспарын құндағында тұншықтырды.

**БАТЫС ЕЛДЕРІ  
УКРАИНАНЫҢ ЕКІНШІ  
БЕЛАРУСЬКЕ  
АЙНАЛҒАНЫН ҚАЛАМАЙДЫ**

«Шангри-Ла диалогының» бірқатар азиялық қатысушылары индонезиялық және қытайлық бейбіт жоспарларды қолдағанымен, Батыс елдерінің өкілдері Украина қорғаныс министрінің ұстанымын бірауыздан құптады. «Украинаға бейбітшілік тек Ресейдің жеңілісі арқылы ғана келеді» деді олар.

Өз кезегінде Еуропалық одақтың сыртқы саясат және қауіпсіздік қызметінің басшысы Жозеп Боррель де Индонезия жоспарымен келіспейтінін білдірді.

«Мен Украинадағы соғысты қалай аяқтау керектігін білемін. Әрі бұл оңай. Біз Украинаны әскери қолдауды тоқтатамыз. Болды. Соғыс бірнеше аптадан кейін аяқталады», – деп Сингапур төрінде мәлімдеген Жозеп Боррель «мұндай шешімнің Украина мен әлемдік қауымдастыққа қаншалықты қажет» екенін ойлауды шақырды.

«Бұл маңызды ма, жоқ па? Егер бұл маңызды болса, онда біз Украинаға әскери қолдау көрсетуді тоқтата алмаймыз. Себебі, біз Украинаны екінші Беларуське айналдыратын бейбітшілікті қаламаймыз. Мәселе соғысты шұғыл аяқтауда емес, бар мәселе соғысты қалай аяқтайтынымызда болып тұр», – деп түсіндірді 76 жастағы дипломат.

Еуропалық дипломатия басшысының сөзінше, Батыс елдері Ресей агрессиясына төтеп беру үшін Киевке әскери көмек көрсетуді жалғастыра береді.

Сингапур алаңында мінберге шыққан Германия қорғаныс министрі Борис Писториус немістердің украиндарды қаруландырудан басқа амалы болмай тұрғанын мойындады.

**ТОВЫҚТАЙ ТҮЙІН**

5,7 млн халқы бар Сингапур «Шангри-Ла диалогын» осымен жиырмамыншы рет өткізді. 2022 жылы 24 ақпанда ресейлік әскер украин жеріне басып кіргеннен кейін бейтарап саясат ұстанып келе жатқан Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері Украина дағдарысын айналып өтуге тырысса да, үш күнге созылған форумда бәрібір бұл басты тақырыпқа айналды. Шығыс елдері Ресей сөз болғанда «ары тартса арба да сынбайтындай, бері тартса өгіз де өлмейтіндей» екіұшты пікір білдірсе, Жозеп Боррель бастаған Батыс елдерінің шенеуніктері антиресейлік риторикаға басымдық берді. Ал, Украина мен Ресей арасындағы қарулы қақтығыс Батыс пен Шығыс елдерінің қарым-қатынасына сызат түсіріп жатқандай әсер қалдырды.

**АҚПАРАТТАР  
АҒЫНЫ**

**БАЙДЕННІҢ БАҒЫ  
ҚАЙТА ЖАНА МА, ӘЛДЕ ТРАМП  
ТАҒЫНА ОРАЛА МА?**

2024 жылы 5 қарашада АҚШ-та 60-шы рет президент сайлауы өтеді. Президент сайлауына әлі бір жылдан артық уақыт болса да, қазірдің өзінде саяси науқан қызып тұр. Себебі, АҚШ Конституциясының екінші бабы бойынша президенттікке кандидаттар өздерінің саяси партияларынан праймериз нәтижелері бойынша ұсынылады. Президент тағы үшін талас негізінен демократтар мен республикашылар арасында өрбиді.

Алдағы жылы Демократиялық партия атынан АҚШ президенті сайлауына қатысуға 80 жастағы қазіргі президент Джо Байден, атақты Кеннеди әулетінен шыққан 69 жастағы заңгер Роберт Фрэнсис және 70 жастағы жазушы Марианна Уильямсон ниет білдірді.

Республикалық партия атынан қазірдің өзінде 9 кандидат праймеризге қатысуға тіркелді, тағы бес кандидат саяси науқанға қатысатынын айтты. Олардың қатарында «сен тұр, мен атайын» дейтін мықты саясаткерлер де бар. Атап айтқанда, 77 жастағы экс-президент Дональд Трамп, 44 жастағы Флорида штатының губернаторы Рон Десантис, 64 жастағы бұрынғы вице-президент Майкл Пенс.

Сарапшылар праймеризде жеңіске жетуге Дональд Трамптың мүмкіндігі мол екенін айтады, оған Рон Десантис лайықты қарсылас болатынын да жоққа шығармайды.

**СОҒҒЫ САНАҚ  
БОЙЫНША МОҒҒОЛИЯДА**

**125**

МЫҢ ҚАЗАҚ ТҰРАДЫ



«Алдағы шілде айында Вильнюсте өтетін саммитте НАТО Украинаны мүшелікке шақыру туралы шешім қабылдауы тиіс. Ал, Солтүстік атлантикалық келісім ұйымына толықанды мүше болғанға дейін бізге қауіпсіздік кепілдігі керек. Бізді НАТО мүшелікке ерте қабылдағанда, дәл қазіргі жағдай болмас еді. Себебі, Ресейдің әскери-саяси одаққа мүше елге агрессия көрсетуге шамасы да, батылы да жетпейді...»

**ВЛАДИМИР ЗЕЛЕНСКИЙ,  
УКРАИНА ПРЕЗИДЕНТІ**

**ЧЕХИЯ РЕСЕЙДЕН  
59 ЖЕР ТЕЛІМІ ҮШІН АҚЫ  
ТӨЛЕУДІ ТАЛАП ЕТТІ**

Чехия билігі Ресейден Прага, Брно және Карловы Вары қалаларындағы кейбір ресейлік дипломатиялық мекемелер мен нысандар орналасқан жер учаскелері үшін ақы төлеуді талап етті. Бұл туралы Чехияның сыртқы істер министрлігі хабарлады.

Әңгіме ауданы 49 271 шаршы метр болатын 59 жер телімі туралы болып тұр. Осы жерлердегі нысандарды Ресей елшілігі дипломатиялық мақсатта пайдаланбайды. Олардың арасында Прага-6 ауданындағы Швейгерова көшесінде орналасқан тұрғын үй кешені, Сібір алаңындағы Әулие Людмила православие шіркеуі, Брно мен Карловы Вары қалаларындағы былтыр арнайы мәртебесінен айырылған Ресей елшілігінің ғимараттары бар. Праганың пікірінше, Мәскеу бұл жерлерді мақсатсыз пайдаланады, яғни оны ақысыз беруге еш негіз жоқ.





**НЕРГИС БИРАЙ,**  
ТҮРКИЕДЕГІ ПАМУККАЛЕ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ПРОФЕССОРЫ, АЛАШТАНУШЫ ҒАЛЫМ:

## «ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҰЛЫҚ ЕСІМІ ТҮРКІ ДҮНИЕСІНДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

**Б**ылтыр мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-реформатор Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде тойланды. Түркі дүниесіне бар ақыл-ойымен қызмет еткен ұлт ұстазын еске алу тұрғысындағы шаралар Анадолия елінде де кеңінен атап өтілді. Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері мен мақалалары жайында түркі тілінде кітап жазған Түркиядегі Памуккале университетінің профессоры, алаштанушы ғалым Нергис Бираймен Алматы қаласына келген соңғы сапарында арнайы жолығып, әңгімеге тартқан едік.

### «СТУДЕНТ КЕЗІМНЕН АХАҢМЕН АУЫРА БАСТАДЫМ»

– Нергис ханым, елімізге келген сапарыңыз сәтті болсын! Жүз жыл бұрын алғаш рет Ташкент қаласында жұртшылық Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдығын атап өткен еді. Ол кезде де ұлт ұстазының еңбегі ұлықталды. Былтыр бүкіл түркі дүниесі қайраткер тұлғаның 150 жылдығын кеңінен атап өтті. Түркі халықтарының ірі ғалымының мұраларын насихаттап, болашақ ұрпаққа танытуда бауырлас Түркия елінде де бірқатар игі шаралар өткізілді. Оның басы-қасында Өзіңіз де болдыңыз...

– Мен үшін кезінде Ахмет Байтұрсынұлының өзі шаңырағын көтеріп, оны ұлт мұратына қарай

қызмет етуге бұрған «Қазақ» газетіне сұхбатқа шақырғаныңыз үшін алғысым шексіз. Алаш ардақтысының мерейтойы бүкіл түркі дүниесінің тойы десек те болады. Ұлы тұлғаның ұлық есімі түркі дүниесінде ұмытылмайды. Адам – адам деген құрметке қалай лайықты болады? Ұстаз – ұстаз деген атқа, шәкірт – шәкірт деген атқа лайық па десек, оған Ахмет Байтұрсынұлы бүкіл болмысымен жауап бере алады. Біздің елімізде өткізілген шаралардан осыны байқадық. Бүгінгі таңда идея – гуманизм, ілім-ғылым сияқты аса өзекті құндылықтардың бәрін қамтиды. Демек, идея – мәңгілік мұра!

Бүгінде мойындалуы керек түркі ақиқат бар, ол – Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға екені. Оның бүкіл идеясы халықаралық ғылыми конференцияларда, әсіресе, түркі әлеміндегі гуманитарлық ғылымдарда реформаторлық идеялармен айқындалады. Міне, осы жағдайлар Түркияде өткен шараларда ерекше көрініс тапты.

**– Сіз Түркияде Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері туралы зерттеумен айналысып жүрсіз. Осы тақырып Сізді несімен қызықтырды және оған келуге не түрткі болды?**

– Мен 1978 жылы университетке студент болып қабылданды кезімнен бастап Ахмет Байтұрсынұлымен ауырдым. 3-курсқа оқып жүргенімде Қазақстан, Қырғызстан елдері туралы кеңірек естіп, осы елдерді көруге құлшынысым ашылды. Бұған дейін Қазақстан туралы хабарым аз болды. Бірде ұстаздарымнан Ахмет Байтұрсынұлы туралы білдім. Ол туралы білмекке ұмтылысым еш нәтиже бермеді. Себебі, оқитын не оқулық жоқ, газет-журналдарда ол кісі туралы мақалалар да болмады. Сұраушының сүйген асын кім берген? Сондықтан әркім өз бетінше ізденді. Магистратураға түскенімде ұстаздар осы салаға бейімділерді іздеп жүрсе керек. Содан мен Ауғанстаннан келген студент қазақтармен араласып, тіл сындыра бастадым. Докторантурада түрік-қазақ қатынасы және екі халықтың мәдениеті мен тарихына зер салдым. Мені бұл тақырып осыдан кейін өзіне тартып, түпкілікті айналысуыма жарқын жол ашты. Осы арада Қазақстанның елшілігімен байланыс орнаттық. Бүгінде осы жолға түскеніме қуанамын.

Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдағы түркі жұртының рухани мәдениетіндегі көшбасшылардың бірі болғанына көзімді жеткіздім. Оның өмірі – аңызға, шығармасы – үлкен мазмұнға ие. Алаштың ағартушылық кілтін ұстаған ол өзінің бар өмірін туған халқының сауатын ашуға арнап, еңбек еткен ірі тұлға болғанына таңқалдым. Ол ұлт мәдениетінің жаңа беттерін жазып, ұлтқа мәдениет қамшысын ұстатқан тұлға. Оның мемлекетшілдік пен ар-намыс, ұлт мұраты – тіл, діл дамуында дауылпазы болғаны бір төбе. Елдік мүддені қорғаудағы азаматтық позициясы оның отаншыл қайраткер екенін көрсетеді. Қалай айтсақ та, Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтқа ұран, бойға қуат, дәтке дауа, сенім мен күш.

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Екі ортада достық қарым-қатынас орнап, алыс-беріс пен барыс-келістің кең жолы ашылды. Сонымен Ахмет Байтұрсынұлымен түпкілікті айналысуға мүмкіндік туды. Атап айтқанда, 1991 жылы Қазақстаннан келген ұстазым, жетекші профессор Ахмет Биджан Ерчиласун Алаш көсемінің «Ақ жол» кітабын алып келіп, маған сыйға тартты. «Осы кітапты түркі тіліне аударсаң» деді. Кітап қатты ұнады. Содан кейін Ахаңның 79 өлеңі мен 29 жоқтау-байіті қолыма түсті. Олардың бәрін ой-санамнан өткіздім. 2011 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 79 өлеңін зерттеп, түркі тіліне аудардым. Түркия оқырмандарына арнап 29 жоқтау туралы мақала жаздым. 2015 жылдан баяндамалары мен мақалаларын түркі тіліне аудару бастадым. Ұстаздарым оларды бір кітап етіп топтастыруымды сұрады. Сөйтіп олардың басын қосып, кітап етіп шығардым. Әлі де ол кітапқа еңбей қалған шығармалары бар, сәтін салса оның да жарыққа шығатын күні болып қалар деп ойлаймын. Кеңес билігі кезінде Ахмет Байтұрсынұлы атын атау былай тұрсын, оның барлық шығармалары жабық тақырыптарға жатқызылғанын кейін білдім. Жалпы, мұндай тақырыптар Қазақстандағыдай Түркияде де, Әзербайжанда да болған сияқты. Кезінде Қазақстанда Алаш тақырыбының да жабық болғанын ұқтым. Мен түрік-қазақ әдебиетімен айналысқанда Алаш тақырыбын тандауыма да осы себеп болды. Бұл тақырып маған анау айтқандай қиындық тудырмады.

### «ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨЗ БЕТІМШЕ ҮЙРЕНУГЕ ТУРА КЕЛДІ»

**– Нергис ханым, Ахмет Байтұрсынұлы зерттеу ісінде қиындықтар болды ма?**

– Түркияде бұл тақырып аса қиындық тудыра қоймады. Егер қиындық тудырса, ол кісі туралы керекті әдебиеттің болмауы еді. Оған әр қырынан келу керек болды. Сондықтан алдымда қазақ тарихын білу міндетті тұрды. 1990 жылдары қажетті кітаптардың болмағаны рас. Оның үстіне түрік-қазақ әдеби сөздігі де болмады. Түркияде 15 мыңдық сөздік бар, ол өзге тілдерге аударылмаған. Содан біз қазақшаны өз бетімізше үйренуімізге тура келді. Философиялық, тарихи кітаптар мен мақал-мәтелдердің болмауы да ісімізге кедергі бола алмады.

**– Қазақстан азаттығын алған жылдары Түркия қандай сезім-күйде болды?**

– Бұл – шын мәніндегі тарихи оқиға еді. Ол Түркі дүниесінің бірігуіне ашылған терезе болды. Біздің еліміз оны ұзақ күтті. Студент кезімде мен Қазақстанға баруға сан мәрте талпыныс жасадым, бірақ ұзақ ойландым. «Егер барар болсам, ол қалай болады, кімге арқа тіреп барамын, кім жәрдем берер екен»

деген ойлар мазалады. Түркиянің Арзрум қаласында Ататүрік атындағы университетте оқып жүргенде Насихваннан көптеген адамдар келіп тұратын. Сол кезде олар өз тәуелсіздігін қуанышпен тойлап жататын. Мен оны көріп тұрып, өз көзіме сенбейтінмін. Ол елге де бардым. 2015 жылы Қазақстан жеріне табаным тиді.

**– «Сырт көз – сыншы» ғой, Қазақстаннан не байқадыңыз? Жалпы, біздің ел туралы қандай сезімде болдыңыз?**

– Бұл бір қызық сезім. Қазір Түркияде болсам, Қазақстанды сағынамын. Қазақ туыстарымнан үйренетін құндылықтар көп екен. Осы сапарымда көп азаматтармен кездесіп, әңгімелесуге мүмкіншілігім мол болды. Әрине, көп естігеннен бір көрген артық қой. Әсіресе, ғалым Тұрсын Жұртбаймен жүздесіп, әңгімелескеніме ризамын. Ол кісі маған бастаған ісіме жаңа қырынан келуге жол сілтеді. Жалпы, мәдениетіміз де, өмір сүру дағдымыз да ортақ.

**– Иә, оны көзбен көріп, құлақпен есту керек дейсіз ғой...**

– Біздің түбіріміз бір. Яғни, бір ошақтың екі бұтындаймыз. Бір-бірімізден үйренеріміз де, толықтыратындай тұстарымыз да көп. Бізді ортақ тіл, мәдениет, білім мен ілім біріктіреді. Сондықтан бір-бірлеріміз туралы бұдан көп білуіміз керек.

**«АХМЕТ  
БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА  
АРНАЛҒАН  
ЖУРНАЛ ӘЛЕМНІҢ 38 ЕЛІНЕ  
6 МИЛЛИОН  
ДАНАМЕН ТАРАЛДЫ»**

**– Былтыр Түркияде шығатын «Kardes Kalemler» журналы тұтастай бір нөмірін Ахмет Байтұрсынұлына арнады. Оған ұлт ұстазы еңбектері туралы мақалалар жарияланды. Осы жөнінде өз аузыңыздан естісек дейміз...**

– Иә, оған жан-жақты дайындалдық. Әр жерден адамдар тарттық. Менің Алматыдағы бір танысым Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянын жазып берді. Мен өзім оның педагогикасы және тілге байланысты тұжырымдары туралы мақала дайындап бердім. Әдебиеттанушы ғалым Алмасбек Әбсадық ұлт мақтанышының шығармашылығы туралы қалам тартса, тарихшы, профессор Гүлжанат ханым Ахаңға қатысты зерттеу жазды. Жалпы, Ахмет Байтұрсынұлы Түркияде көптеген зиялылар таниды, сондықтан кез келген мақала оларды қызықтыратыны анық. Өткен бір жылда қыруар жұмыстар жасалды. Түркия университеттерінде Алаш туралы сабақтар өткізілді. Журнал 38 елге таратылып, ол 6 млн тиражбен басылды. Бұл өте іргелі жұмыс. Қалай десек те, біздің жұмысымыз Ахмет Байтұрсынұлын Түрік еліне кеңінен танытуға арналды.

**– Екі ел арасындағы ынтымақтастықты арттыру үшін қандай жұмыстар атқару керек деп ойлайсыз?**

– Ол үшін мемлекеттік дәрежеде үлкен бағдарламалар жасау керек. Қазір қос мемлекет басшыларының басқосуымен оның негізі қаланды десек те болады. Бұл не үшін керек? Себебі, біздің мәдениетіміз де, тарихымыз да, рухымыз да бір.

XIX ғасырға дейін біз бір-бірімізден ажырап қалдық. Оны тарихтан білесіздер. XV ғасырда біз қыпшақ-оғыз болып, шығыста қалдық. Қазақтардың айтатынындай, олар жылқыларын жеді, ал түріктер оны мініп кетті. Солай болсақ та, біздің дәстүріміз, әдеп-ғұрпымыз бірдей болып қалды. Тілімізде де аса бір айырмашылық жоқ. Егер Қазақстанда жүрсем, 15 күнде қазақ тілінде еркін сөйлеген болар едім. Әйтсе де, қазақша жазып, оны еркін аудару аламын.

Алда бұл жұмыстарды жоспарлы түрде жүргізе отырып, студенттер алмасуды жалғастыру керек.

**– Биыл Ахмет Байтұрсынұлы бастауында тұрып, негізін қалаған «Қазақ» газетіне 110 жыл толды. Осы айтулы күндерге орай еліміздің жер-жерінде игі шаралар өткізіліп келеді. Бізге жеткен деректер бойынша кезінде Түрік зиялылары газетті алдырып оқыған көрінеді. Ол туралы Сізге не белгілі?**

– Ол туралы ақпарат маған беймәлім. Ол туралы бір ақпарат болса, өзіміз де қарап қалмаймыз. Бұл туралы студенттерімізге де айтып қойдық. Бізде қазақстандық ғалымдармен бірге жұмыс істейтін ғалымдар тобы бар. Егер қазақтар туралы қылудай әңгіме болса, олар бізге жеткізіп отырады.

**– Нергис ханым, Ресей құрамындағы Башқұртстан, Татарстан, Саха елдерімен байланыстарыңыз бар ма?**

– Саха елімен қарым-қатынасымыз жоқ. Бірақ, ол жерде біздің бір профессор оқытушымыз жұмыс істейді. Оны біз байланыс құралымыз деп санаймыз. Алтай түріктерімен және қара түріктермен байланысымыз бар. Олармен байланыс жасау үшін алдымен Ресеймен мәмілеге келу керек.

**– Өткенде Алаш арыстарының туған жеріне барып, тағзым етіп қайттыңыз. Одан Алаштың туын тіккен Торғай даласына сапарлап бардыңыз. Аймақтың Ресейге жақын солтүстік өңірде ораласқанын көрдіңіз, не ұқтыңыз?**

– Иә, біз барғанда өңірде бір қапас оқиға (өрт) орын алып жатты. Ол жерден отарбаға отырып, Арқалық топырағына аяқ тіредім. Бір көңіліме ұялағаны біз кездесулерде халықпен еркін қазақша сөйлестік.

**– Нергис ханым, Түркиядегі қазақтармен байланысыңыз бар ма?**

– Мәлиса деген аймақта Салихли деген жер бар. Сол жерде өткен ғасырдың елуінші жылдары келіп қоныстанған қазақтар тұрады. Осы ортадан бірнеше адамды танымын. Олармен қатынаста болуымыз бірнеше себебі де бар. Менің 1988 жылғы қорғаған докторлық диссертациямның тақырыбы 1982 жылы Ауғанстаннан келген қазақтарға қатысы бар. Олардың арасында бірер студенттер де бар. Оның үстіне Қазақстаннан келген студенттер де баршылық. Олардың бірі менің қазақ тілін тез меңгеріп шығуыма ықпал етті.

**– Нергис ханым, ашық әңгімеңізге рақмет!**

**Әңгімелескен:  
Жасұлан МӘУЛЕНҰЛЫ**

**Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ**

## ГЕНДЕРЛІК АЙЫРМАШЫЛЫҚТЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ЕСЕБІ

The Global Gender Gap Report – Дүниежүзілік экономикалық форумның жыл сайынғы әлем елдеріндегі гендерлік теңдік туралы дайындайтын есебі. Онда денсаулық сақтау, білім беру, экономика, саясат сияқты түрлі сала бойынша гендерлік теңдік пен теңсіздік индексі есептеледі. Аталған жылдық есеп әлем елдеріндегі гендерлік теңдіктің даму динамикасын көрсетеді. Елдегі ерлер мен әйелдердің ара салмағын есепке алып, мемлекеттік ресурстардың қолданылу деңгейін саралайды.

Әр елдегі ерлер мен әйелдердің арасындағы құқықтық теңдігіне орай белгілі бір ұпай беріледі. Нәтижелер 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша өлшенеді. 100 ұпаймен бағаланған елде гендерлік теңдік жүз пайыз орнаған деп айтуға негіз бар. Егер арнайы комиссия белгілі бір елге жүзден төмен ұпай беруді жөн деп тапса, демек ол елдегі ерлер мен әйелдер арасында гендерлік айырмашылық бар дегенді білдіреді.

### ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК САНАТТАРЫ

Көрсетілген пайыздық индекстер гендерлік теңдіктің ағымдағы жай-күйін төрт негізгі санатқа сүйене отырып есепке алады.

**Экономикалық белсенділік.** Бұл санаттың өзі үш өлшемді қамтиды: әйелдер мен ерлердің еңбекке араласуы арасындағы айырмашылық, олардың тапқан табысының ара салмағы және қос тараптың лауазымды қызметке тағайындала алу көрсеткіші.

**Білімге қолжетімділік.** Аталған санат негізінде әйелдер мен ер азаматтар арасындағы сауаттылық деңгейі талқыға түседі. Кез келген деңгейдегі білім алу мүмкіндіктері есепке алынады.

**Денсаулық сақтау мен өмір сүру деңгейі.** Бұл санат қос тараптың денсаулық деңгейі арасындағы айырмашылықты сараптайды. Кей елдерде ұл баланың дүниеге келуі үлкен маңызға ие. Бұндайда қыз балалардың, яғни жалпы есепте әйел адамдардың азаюы орын алуы мүмкін. Аталған санат осы аралықтағы мәселелерді назарға ала отырып, ерлер мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығына да негізгі бағыт бере айқындайды.

**Саяси өкілеттіліктер.** Бұл санат аты айтып тұрғандай ерлер мен әйелдердің саясатта ықпалды болып, билікке араласа алу қабілеттілігін бағалайды. Президент немесе премьер-министр лауазымындағылар мен министрлік пен парламентте қызмет ететін ерлер мен әйелдердің саны да есепке алынады.

### ӘЛЕМДЕГІ ЖАҒДАЙ МЕН ЖАЛПЫ ТЕНДЕНЦИЯ

2022 жылғы гендерлік айырмашылықтың жаһандық есебі 146 елдің дерегін қамтыды. Ол бойынша гендерлік теңдіктің халықаралық ортақ деңгейі 68,1 пайызды көрсеткен. ДЭФ сарапшыларының есебінше, дәл осы қарқынмен жыл сайын көрсеткіштер көлемі артып отыратын болса, жер бетіндегі барлық әйелдер мен ерлер арасында шамамен 132 жылдан кейін ғана теңдік орнайды. Себебі, гендерлік теңдіктің жалпы көлемі 2021 жылы 67,9 пайыз болса, 2022 жылы 68,1 пайызға жеткен. Әлем елдеріндегі гендерлік алшақтық мәселесіне 2020 жылы басталып, екі жылдай тұтас халықты әбiгерге салған пандемия да әсер етпей қоймағаны ақиқат.

Айта кетейік, әлемдегі бірде-бір елде толықтай жүз пайыз гендерлік теңдік орнамаған. Десек те, бұл көрсеткішке жақындай түсіп, 90 пайыздық межені бағындырған жалғыз ел бар. Ол – Исландия. Еуропаның солтүстігінде орналасқан аралды мемлекет гендерлік айырмашылықтың жаһандық есебінде соңғы жылдары тұрақты көш бастап келеді. Ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік былтыр 90,8 пайызды құрады. 370 мыңдай халқы бар парламенттік республиканың үкіметін әйелдің басқаруы да таңсық болмаса керек.

80 пайыздық көрсеткіштен асып, алғашқы ондыққа енген тағы тоғыз ел бар. Жаһан рейтингінде Исландиядан кейінгі орында 86 пайызбен Финляндия тұр. 5,5 млн халық тұратын скандинав елінің үкіметі де әйелдің сенімді қолында.

Үздік үштікті тағы бір Еуропаның солтүстігіндегі скандинав елі қорытындылайды. Норвегиядағы гендерлік теңдік деңгейі 84,5 пайызды құрайды.

Алғашқы ондыққа Жаңа Зеландия (84,1%), Швеция (82,2%), Руанда (81,1%), Никарагуа (81%), Намибия (80,7%), Ирландия (80,4%) және Германия (80,1%) енген.

Аталған тізімде жоғары көрсеткішті Африкада Руанда (6-орын), Латын Америкада Никарагуа (7-орын), Азияда Филиппин (19-орын), Солтүстік Америкада Канада (25-орын) көрсетті. Посткеңестік кеңістікте Литва (11-орын) мен Молдовада (16-орын) көрсеткіш жоғары, Әзербайжан (101-орын) мен Тәжікстанда (114-орын) көрсеткіш төмен саналады.

Мұсылман елдері арасында ерлер мен әйелдер арасындағы алшақтық Албанияда (18-орын), Қазақстанда (65-орын), Біріккен Араб Әмірлігінде (69-орын), Бангладеште (71-орын) салыстырмалы түрде аз. Дегенмен, бұл тізімде алғашқы он бестікке енген бірде-бір мұсылман елі жоқ. Алғашқы жүздіктен халқының елу пайыздан астамы ислам дінін ұстанатын әлемдегі 54 елдің жетеуі ғана көрінген (инфографиканы қараңыз).

Тізімнің соңында әдеттегідей Конго Демократиялық Республикасы (144-орын), Пәкістан (145-орын) және Ауғанстан (146-орын) тұр.

### ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ АЛШАҚТЫҚ БОЙЫНША ЕЛІМІЗДЕГІ АХУАЛ

Былыр Қазақстан жоғарыда сөз болған 146 мемлекеттің ішінде 65-орынға тұрақтады. Жалпы индекс – 71,9 пайыз. Бұл дегеніңіз, 2021 жылмен салыстырғанда 0,9 пайызға артық көрсеткіш дегенді білдіреді.

The Global Gender Gap Report сараптамасы 2006 жылдан бастап тұрақты жүргізіліп келеді. Осы уақыт аралығындағы көрсеткіштерге көз жүгіртсек, аталған бағыт бойынша Қазақстанда соңғы 12 жыл ішінде іс жүзінде еш өзгеріс болмағанға саяды. Жыл сайынғы көрсеткіштер бір-бірімен шамалас. 2006 жылы бұл көрсеткіш біздің елде 69,3 пайыз болған. Ал, 2009-2011 жылдары қатарынан 70,3 пайызды көрсеткен. Кейін 2012-2014 жылдары 72,1 пайызға жетсе, 2015 жылы көрсеткіш төмендеп, 71,9 пайызға дейін кеміген. 2022 жылға дейінгі жеті жыл ішінде түрлі сандарды көрсеткен гендерлік алшақтық көрсеткіші былтыр 2015 жылғы деңгейге қайта оралды.

Еліміз 2016 жылғы рейтинг бойынша 144 мемлекет ішінен 51-орынды, 2017 жылы – 52-орынды, 2018 жылы 149 елдің ішінен 60-орынды, 2020 жылы 153 мемлекет арасында 72-орынды, 2021 жылы 156 ел ішінен 80-орынды иеленген. Қорытындылай келе, елдегі гендерлік теңдік бойынша жағдайды тұрақты түрде орташа деп бағалауға болады.

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕ АЙЫНДА ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМНЫҢ (ДЭФ) ЖАҒАНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ КЕЗЕКТІ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ ЖАРИЯЛАНДЫ. ОЛ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ «THE GLOBAL GENDER GAP REPORT» ДЕП АТАЛАДЫ. МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТА КЕЛТІРІЛГЕН ДЕРЕККЕ СҮЙЕНСЕК, ҚАЗАҚСТАН ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК БОЙЫНША 2021 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 0,9 ПАЙЫЗ ӨСІМ КӨРСЕТІП, 71,9 ПАЙЫЗ ИНДЕКСПЕН ӘЛЕМНІҢ 146 ЕЛІНІҢ АРАСЫНДА 65-ОРЫНҒА ЖАЙҒАСҚАН. ОСЫ АРАДА «ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМ ГЕНДЕРЛІК АЙЫРМАШЫЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЙДІ? ЕЛДЕГІ ЖАҒДАЙ ҚАНДАЙ БАҒЫТТАРДЫ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫП БАҒАЛАНАДЫ?» ДЕГЕН СҰРАҚТАРДЫҢ ТУУЫ ДА ЗАҢДЫ. СОНДЫҚТАН ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР «QAZAQ» ГАЗЕТИ БҮГІН ОСЫ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП ІЗДЕЙДІ.



■ Әйелдердің құқығы мүлдем шектелген ел – Ауғанстан. Мәселен, билікке тәліптердің келуімен Әйелдер істері бойынша министрлік алдымен таратылды, нәзік жандыларға жұмыс істеуге тыйым салынды, қыздардың мектепте білім алуларына шектеу қойылды, қыз-келіншектер бет-аузын тұмшалап қара жамылып жүруге міндеттелді, олар үйінен 72 шақырымнан арыға ұзап шыға да, көшеде бір өзі жүре де алмайды...

# ЖАҒАНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ЖАҒДАЙ

ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ АЛШАҚТЫҚ БОЙЫНША МҰСЫЛМАН ЕЛДЕРІ АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ЕКІНШІ ОРЫНДА ТҰР



## МҰСЫЛМАН МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК / 2022 /

Дереккөз: WEF  
Инфографика: Айнұр Қайратбек

халықтың орташа жалақысын есепке алғанда, ерлердің табысы жоғары екені анықталған.

Азаматтар мен азаматшалардың білім алу деңгейіне орай Қазақстан биыл 100 пайыздық көрсеткішпен 27-орынды иеленген. Жалпы бұндай жоғары көрсеткішті әлем бойынша 28 мемлекет көрсетеді. Білім алу саласы бойынша әйелдер мен ерлер бір-бірінен қалыс қалған емес.

Келесі санат – денсаулық сақтау мен халықтың өмір сүру жағдайына қатысты. Бұл тұста еліміз 97,7 пайыз

көрсеткішпен 44-орынға тұрақтайды. Айта кетейік, дәл осы санатта Беларусь те бізбен иық тіресіп, бір қатарда тұр. 2016 жылы бұл санат бойынша елдің көрсеткіші 98 пайызды құрап, Қазақстан өзге 37 елмен қатар рейтингте бірінші орынға шыққан еді.

Саяси мүмкіндіктер санаты бойынша Қазақстан небәрі 14,3 пайыз көрсеткішпен 103-орында тұр. 2016 жылы 15,3 пайызбен 77-орынға тұрақтаса, кейінгі жылдары көрсеткіш 13 пайызды құраған. Басқа санаттар сияқты бұл санат та 2021 жылы қайта өркендеген.

### ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

**1908 жылы 15 мыңдай әйел АҚШ-тың ең ірі қаласы Нью-Йоркте шеруге шығып, өздеріне сайлау құқығын беруді, жұмыс күнін қысқартуды және ер-азаматтармен бірдей жалақы төлеуді талап етті. Содан бері 115 жыл өтсе де, осы үш талаптың үшеуі де толыққанды орындалған жоқ. Әрине, бұрынғы мен бүгінгі әйелдердің жағдайын салыстырғанда жер мен көктей айырмашылықты байқамау мүмкін емес. Бірақ, әлемнің 34 пайыз елінде әлі күнге дейін гендерлік теңдік туралы заң қабылданбаған. Демек, әлемде гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін әлі атқарылар жұмыс көп.**

ТУҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯСЫН АЛАНДАҒАН ПРЕЗИДЕНТ ҚАЙ ЕЛДІ МЫСАЛ ЕТТІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылдың аяғында Алматы қаласының экологиясы туралы пікір білдіріп, бұл тез арада шешімін табуы қажет ететін өзекті мәселе екенін еске салды. Президент оның шешімі ретінде жол-көлік жүйесінің тиімділігін арттыруды, жеке секторды газдандыруды, «ЖЭО-2», «ЖЭО-3» орталықтарын газға көшіруді, абаттандыру жұмыстарын жүйелі жүргізуді атады.

Туған қаласының экологиясына алаңдаған Мемлекет басшысы экологиялық білім беруді күшейтіп, өскелең ұрпаққа жасыл желекке ұқыптылықпен қарауды сіңіру қажет екенін айтты. Ағаштарды кесуге, жасыл аумақтарды жоюға қатаң тыйым салатын заңдары бар Түркияны мысал етті.

«Біз пайдалы шетелдік тәжірибені пайдалануымыз керек», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев Бас жоспарды жаңартып жатқан Алматы әкімдігіне бірыңғай қала құрылысы регламентін қабылдауды, ауа ағындарының айналымын ескеруді тапсырды. Президенттің пікірінше, бұл шаралар қаладағы экологиялық жағдайды жақсартуда оң өзгеріске қол жеткізуге мүмкіндік береді және қала тұрғындарының денсаулығын сақтауға, өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

БАСТЫ МӘСЕЛЕ КӨМІРДЕ МЕ, КӨЛІКТЕ МЕ?

Өткен жылы мегаполис атмосферасына ластанушы заттардың шығарындылары 127 мың тоннаны құрады. Негізгі көздер көліктер – 70 мың тонна, стационарлық көздер – 46 мың тонна, жеке секторлар – 11 мың тонна. Мәслихат отырыстарының бірінде қала әкімінің орынбасары Асқар Амрин осындай мәліметтермен бөлісті.

Асқар Кемеңгерұлы Алматы қаласында РМ 2,5 ұсақ дисперсті шаңның орташа жылдық деңгейі соңғы үш жылда 20 пайызға өскенін, оған сырттан келетін көліктер санының 230 мың бірлікке артқаны әсер еткенін айтты.

«Ауаның ластануына көліктерден шығатын шығарындылар әсер етеді. Қалада 700 мың көлік (оның 230 мыңы – қала маңындағы көліктер) бар, олардың шығарындылары шамамен 70 мың тоннаны құрайды, бұл – барлық шығарындылардың жартысынан көбі. 2022 жылдың 8 айында 19 табиғатты қорғау бекетінде 135 мың өлшеу жүргізіліп, нәтижесінде 26 мың көлік экологиялық стандарттарға сай келмегені анықталды», – деп нақтылаған Асқар Амрин 2023 жылы пайдаланылған газдардың ұтылтылығы мен түтінділігінің белгіленген нормаларына сәйкестігіне көліктер шығарындыларына өлшеу жүргізу қағидалары қабылданатынын ескертті. Аталған ережелер жүргізушілерді экологиялық талаптарды сақтауға ынталандыруға мүмкіндік береді.

Әкім орынбасарының айтуынша, осы жоспарларды жүзеге асырғаннан кейін қала аумағына экологиялық талаптарға сай келмейтін көліктің кіруін шектеу туралы мәселе қою қажет. Шығарындылардың деңгейі төмен аймақтарға кіруді шектеу үшін 2025 жылға дейін көліктерге экологиялық таңбалау енгізілетіні айтылды.

Бүгінде Алматы қаласы үшін шекті жол берілетін шығарындылардың жиынтық томы әзірленуде. «Сайран» бекетінің жанында пилоттық режимде ауаны тазартуға арналған жабдықты орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жабдық тиімді болған жағдайда, жоба қала бойынша іске асырылады.

Әрине, қала ауасын ластайтын шығарындылардың ең көп үлесі көліктерден келетінін жоғарыда жаздық. Бірақ, көк түтін мен экологияның қиын жағдайына тек олардың ғана қатысы жоқ. Қаланың мұндай жағдайға түсуіне газдың да қосқан үлесі мол. Онүстік астанада жеке тұрғын үй секторын газдандыру деңгейі шамамен 99

пайызды құрайды, 1 054 үй газ желілеріне қосылмаған, оның 584-інің қосылуға мүмкіндігі бар, ал 470 үйге магистральдік желілер жүргізілмеген.

Бұдан бөлек, әуе бассейнінің ластануына Алматы облысының әсері мол, онда магистральдік газ құбырының болмауына байланысты 82 мыңға жуық үй газбен қамтылмай отыр. Әкімдік бұл мәселені шешуге және Алматы агломерациясында 2025 жылға қарай 42 мың үйді газдандыруға уәде берген. Бұл өз уақытында бола жатар. Алматының мәселесі мұнымен бітпейді.

Екібастұз көмірімен жұмыс істейтін «ЖЭО-2» және мазут пен көмірді пайдаланатын «ЖЭО-3» – атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көзі. «ЖЭО-2» және «ЖЭО-3» шығарындыларының қоршаған ортаға әсерін барынша азайту мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ оларды газға көшіру мәселесін қарастырып жатыр.

Экологтардың айтуынша, мегаполис экологиясының тағы бір мәселесі – көп қабатты үйлер. Заманауи құрылыс кеңестік сәулетшілер болжаған жоспарларға сәйкес келмейді. Олар қалада ертелі-кеш самал есіп тұрады деп көздеген. Ал, қазіргі көп-қабатты үйлердің арасынан ауа өтпейді. Бұл мәселе бұрын болмаған еді. Соңғы екі онжылдықта пайда болды. Осылайша, ЖЭО шығарындыларының проблемасы (ол кеңес кезеңінде де болған) одан сайын ұлғайып, қала ауасын ластап жатыр.

Сарапшылардың пікірінше, бұдан шығудың жолы – биік үйлердің салынуын тоқтату. Былтыр мәселені қала әкімі Ерболат Досаев та көтеріп, 9 қабаттан биік тұрғын үйлер салуға шектеу қойылуы мүмкін екенін айтты. Бірақ, бұл шектеудің қашан күшіне енетіні әзірге белгісіз.

2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ШАҢ БАСҚАН ШАҒАР ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ОРНАМА?

Алматы экологиясын жақсарту үшін Үкімет 2025 жылға қарай 1,2 млн-нан астам ағаш отырғызуды, 2030 жылға қарай қосымша 1,3 млн ағаш отырғызуды (кесу мен отырғызуды қоса есептегенде) жоспарлап отыр. Бұл жоспарды орындаушылары арнайы нормативтерді қатаң сақтаған жағдайда ғана жүзеге асатынын түсіну керек. Отырғызғаннан кейін ағаштардың 25 пайызы өнбей қалады. Міне, осы жағын ескеру қажет. Бұл да өзекті мәселе.

Қаланың экологиясын жақсарту үшін шағын өзендер мен су қоймаларының жағдайы өте маңызды. 2025 жылға қарай 7 су қоймасының, 26 суландыру каналының, 30 шақырым өзен мен бұлақтардың іргелес жатқан су қорғау аймақтарын тазалау, жағалауларды бекіту және абаттандыру жұмыстары жүргізіледі.

2030 жылға дейін қосымша 20 шақырым суару каналдары мен 50 шақырым өзендер мен бұлақтардың арналарын қалпына келтіру мен тазарту көзделген. Алматыда арық желісінің жалпы ұзындығы 1 525 шақырымды құрайды, оның ішінде 168 шақырым (11 пайызы) суару үшін пайдаланылады. Билік 2024 жылға дейін 276 шақырымды қайта қалпына келтіріп, 100 шақырым жаңа арықтар салуға уәде беріп отыр. Оған қоса, 2025 жылы кешенді суару жүйесін қалпына келтіріп, арық арқылы суару үлесін 40 пайызға дейін жеткізбек.

2025 жылы қаланың жасыл желекпен орташа қамтамасыз етілуі бір адамға 13 шаршы метрге, 2030 жылы – 13,7 шаршы метрге дейін ұлғаяды деп күтілуде.

КҮЛІ АЗ КӨМІРГЕ АУЫСУ МӘСЕЛЕНІ ЖАҚСАРТА МА?

«Ауаны не көп ластайды» деген дау бітпейді. Бұған жоғарыда аталған факторлардың барлығының әсері бар. Қала басшылығына айтылған бір сынмен жағдай түзелмейді, өйткені бұл мәселе жыл-



АУАСЫ ЛАС АЛМАТЫ

МЕГАПОЛИСТІҢ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

дар бойы көтеріліп келеді. Дегенмен, ЖЭО газға көшеді деген сенімге қарамастан, олар әлі де көмірмен жұмыс істеп, түтінін бұрқыратып, өкпемізді тұншықтыратын күйесін шығарып жатыр. Қалған ЖЭО-ны газға көшірумен қатар сүзгілер орнату да қажет. Әкімдік жұмысқа кіріссе де, өте баю кимылдап жатыр.

ЖЭО қолданатын көмірдің құрамы көңіл көншітпейді. Бұл – күлі көп Екібастұз көмірі. Күлі аз Қарағанды көмірі экспортқа шығады, ал Екібастұз көмірінің күлділігі 40 пайызға жоғары.

Қоғамдық көлікті дамыту, жүк көліктерінің қалаға кіруіне шектеу қою, олардың техникалық жағдайы мен бензин сапасына қойылатын талаптарды күшейту арқылы атмосфераға зиянды әсерді азайтуға болар еді. Бірақ, кім жақсы дүниеден бас тартқысы келеді?!

Бұл мәселеге жеке секторда тұратындар бас қатырмайтын секілді. Қарапайым тұрғындар пешке не болса соны тастай береді. Үйді жылыту үшін көмірді де, отынды да, резеңкені де, қоқысты да жағайды. Одан бөлінетін зиянды заттарға шаруалары жоқ.

Экологтардың бағалауынша, бұл сектор қалалық түтінің 15 пайызын құрайды. Қысқаша айтқанда, мұндай аумақтар газдандырылып қана қоймай, ауаны ластайтын қоқыс, көлік дөңгелегі және басқа да қалдықтарды өртегені үшін қатаң жазалануы тиіс.

Теориялық тұрғыдан алғанда, қалада осы мақсатта жұмыс істейтін табиғатты қорғау полициясы мен ұшаскелік инспекторлар бар, бірақ олардың немен айналысатынын ешкім білмейді.

ТҮТІН ТҰНҒАН ТҰМАН ҚАЛАНЫ НЕГЕ ҮНЕМІ БАСЫП ТҰРАДЫ?

Алматы экологиясы бұрыннан бар мәселе. Онымен КСРО кезінде жетекші мамандар, ғалымдар, экологтар айналысты. Әрине, ол кезде жағдай қазіргідей соншалық күрделі емес еді, бірақ сарапшылар республика астанасының климаттық және географиялық ерекшеліктеріне баса назар аударды.

«Жетпісінші жылдардың аяғында қаланың табиғи жағдайын зерттеу үшін бізге ғылыми-зерттеу тобы келді. Қала бойынша түрлі құрылғылар қойылды: өлшеу дат-

Түтін мен зондтар түрлі биіктікте, соның ішінде сол кезде қаладағы ең биік ғимарат – «Қазақстан» қонақ үйінде орнатылды. Қаланың жан-жағы таумен қоршалып, төменде тұрғаны сол кездің өзінде белгілі болған. Ғалымдар ауа ағындарының бұл кеңістікте қалай болатынын, неге тарай алмайтынын, шындықтан шыға алмайтынын түсінуге күш салды. Ғылыми баяндама жасады», – дейді физика-математика ғылымдарының докторы Серік Бүркітбаев.

Алматы күн өткен сайын көк түтіңге тұншығып жатыр. Өйткені, қаланың оңтүстік бөлігі Іле Алатауы жотасының солтүстік беткейінде (қаланың жоғарғы бөлігі) болса, ал мегаполис орналасқан төменгі қарамалы қарсы бөлігі Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауына дейін созылады, сонымен қатар биіктікте орналасқан. Сол себепті де көк түтінді тұман қаланы басып тұрады.

«Қыста бұл қаланың шеті – Алатау тауларының қар басқан шыңдары мен Қапшағай жағалауы күндіз жақсы жылынабайды әрі жер бетіндегі лас ауаның жоғарыға қарай конвекциясын қамтамасыз етпейді. Ал, түнде шыңнан шыққан салқын ауа қаланы басып, күндіз жиналған кірді «жабады». Мұның бәрі температураның инверсиясына әкеледі, бұл кезде салқын лас ауа беткі қабатта (адамдар демалатын жерде) жиналып, қалыпты жағдайда күн сайын қызып, конвекциямен көтеріліуі керек. Жоғарыда инверсиялық жылы қабат бар, ол біріншіден, беткі қабаттың көтерілуіне жол бермейді, екіншіден, ластанып, жайлап күңгірттеніп, күн сәулесінің бәрін сіңіреді. Мұның екі ауыр салдары бар. Біріншіден, күнсіз беткі қабат салқындап, жерге тығылады. Екіншіден, қала сыртында күн жарқырап тұрса да, түтінің кесірінен қала іші үнемі тұманнан көз ашпайды. Яғни, қала қазаншұңқырының өзі күзгі-қысқы суық мезгілде ластануға бейім», – деп түсіндіреді Серік Бүркітбаев.

Тек жауын-шашын мен қатты желден кейін ғана ауа райының табиғи әсерімен түтін шыңнан асады. Дегенмен, қала тұрғындарының мәселесіне климаттық жағдай әсер етеді деп күтіп отыру дұрыс емес. Бұдан шығудың жолы бар.

Серік Бүркітбаев мына мәселеге мән берген. Тянь-Шань шыршалары – табиғи жылу көзі. Оның көптеген инесі күн нұрын өзіне көбірек тартады, осылайша әр ағаштан 100 кВт-қа дейін жылу ағынын шығарады. Шыршалар өзіне лас ауаны тартып алады. Алайда, таудың қарлы шыңдарына жылы ауа өте алмайды. Шыршаны тау басына отырғызу – мифқа сыймайтын шығыны көп дүние.

«Қапшағайдың солтүстік жағалауында ұзындығы 30 шақырым, ені 3 шақырым 1,5 млн гектарға дейін орман алқабын көбейтуді ұсынамын. Бұл қыста конвекция механизмін «жылдамдатудың» тамаша тәсілі. Жылы «лас» ауа Алатау жоталарынан өте алмайтындықтан, мегаполистің басқа жағына егілген шыршалар арқылы өткізе аламыз. Бұған 10 млн АҚШ доллары жетеді. Біз Алматының ауаны тазартамыз және халық үшін мыңдаған жаңа жұмыс орындарын ашамыз», – деді Серік Бүркітбаев.

Қаланы атмосфераға шығарылатын зиянды заттардан тазарту үшін алдымен көлік мәселесін шешіп, содан кейін Алматының өзінде емес, Қапшағайда шырша отырғызуды қолға алу керек. Серік Бүркітбаев осындай пікірде.

Өмір сапасының негізгі құрамдас бөлігі – қолайлы орта. Қаланың одан әрі дамуында саябақтар саны артып, бау мен скверлер абаттандырылып, шамамен 2,5 млн ағаш отырғызылмақ. Алматыда атмосфералық ауаның сапасын жақсарту үшін шығарындыларды 55 мың тоннаға түбегейлі азайту бойынша шаралар қолға алынбақ. Қоғамдық көлікте жүруді арттырудың арқасында жеке көліктерді пайдалануды азайту, дизельді автобустарды газға және электр тарту күшіне ауыстыру, «ЖЭО-2» орталығын газға көшіру арқылы мың жасаған шаһардың экологиясын жақсартуға болады. Оған қоса, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен газбен жабдықталған аудандарда тұратын халықтың қатты отынды жағуын біртіндеп төмендету жүзеге асырылмақ. Өнеркәсіптік қатты отынды мен көгілдір отын қойылған аудандарда тұратын халықтың қатты отынды жағуын азайту да көзделген.


Төбешіліктерді біртіндеп төмендету жүзеге асырылмақ. Өнеркәсіптік қатты отынды мен көгілдір отын қойылған аудандарда тұратын халықтың қатты отынды жағуын азайту да көзделген.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Егемендіктің ең басты белгісі – Тәуелсіздікті білдіретін мемлекеттік рәміздері. Неге десеңіз, әлемде өз азаттығын ала алмай, өз шекарасын сыза алмай, өз туын желбіреп алмай, өз мінгін кеудесіне қойып шырқай алмай жүрген ұлттар көп. Мұны үш жүз жыл бойғы бодандық бұғауынан азат болған қазақ ұлты да жақсы түсінсе керек. Сондықтан Тәуелсіздігіміздің нышандарын көздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз. Өкінішке қарай, осыған немісқайлы қарайтын азаматтар аранымыз аз емес. Жыл басынан бері еліміздің мемлекеттік рәміздеріне құрметсіздік танытқан бірнеше келеңсіз оқиға орын алды.

Билылғы жылдың сәуір айының соңында әлеуметтік желі арқылы Талдықорғандағы сот ғимаратының аумағында Мемлекеттік Елтаңбаның эталоны аяқ астында тапталып жатқаны белгілі болды. Мұны жергілікті блогер Сандуғаш Дүйсенова бейнетаспаға түсіріп алып елге таратты. Жетісу облыстық сотының Баспасөз қызметі Елтаңба жақын арада ауыстырылғанын, облыстық сот ғимаратында жөндеу жұмыстарының басталуына байланысты оның макеті сол күні сыртқа шығарылғанын айтып ақталды. «Алайда, ол жұмыс күнінің соңына дейін сақтау қоймасына қайта қойылуы керек еді. Негізгі құралдарды есептен шығару кестесі бойынша Елтаңба 2023 жылғы 31 шілдеде жойылуға тиіс болатын. Оған дейін ескі Елтаңба сот ғимаратында сақталуы керек», – деп нақтыланды хабарламада. Аталған факті бойынша ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 418-бабының 1-1-бөлігімен облыстық сот әкімшілігінің инфрақұрылымды дамыту бөлімінің басшысы жауапқа тартылды.

Мамыр айында бірнеше жағдайға тап болдық. Әрине, бұл Мемлекеттік Гимнге қатысты. Астанадағы Ж. Үшкемпіров атын-




АЗАТ ҰЛТТЫҢ НЫШАНДАРЫНА ҚҰРМЕТ ҚАНДАЙ?



# ГИППОКРАТ АНТЫНА БЕРІК БОЛҒАН БАУЫРЛАР

/ АҒАЙЫНДЫ ДӘРІГЕРЛЕР БЕКСҰЛТАН ЖӘНЕ  
СҰЛТАН ТҰТҚЫШЕВТАР ХАҚЫНДА /



Оразалы  
ЖАҚСАНОВ

## ӘКЕ АМАНАТЫНА АДАЛ БОЛҒАН ҰЛ

Әрине, ол кезде жұмысқа құлшынып тұрған кезіміз. Басшыларымыз тапсырма берсе, оны дер кезінде орындағанша асығатынбыз. Кәсіби этикамызды сақтап, сол жылдардағы облыстық аурухананың бас дәрігері Жаппас Айсиннің қабылдауында болдым. Жәкең өте қазақы кісі еді. Ана тіліміздегі басылымдарға қашан да ерекше жанашырлықпен қарайтын.

Содан уақытты көп сөзбай бірден келген шаруама көшім. Ол маған осы ауруханада жұмыс істейтін беделді оташы Бексұлтан Серікбайұлы Тұтқышевпен кездесімді өтінді. Хирургия бөліміне жіберді. Мұнда медицина ғылымдарының кандидаты, білікті дәрігер Валерий Цхай мені жылы жүзбен қарсы алып, қарамағында қызмет атқаратын Бексұлтан ағаны өзіне шақырды. Кейінірек тұр-сымбаты келіскен, ұлтымыздың кәдімгі нар тұлғалы марқасқа жігіті екен. Үстіндегі киген киімі мен сөйлеген сөзінен өз кәсібінің нағыз шебері, жауапкершілігі мол азамат екендігі бірден байқалды.

Екеуіміздің әңгімеміз өте жарасты. Ол өзінің сонау артта қалған балалық балдәурен шағы, дәрігер ретінде қалыптасу кезеңдері жайлы тебірене баяндады. Кезінде ардақты әкесінің: «Балам, Бексұлтан, өскенде тек менің емес, еліңнің ұлы бол!» дегені көңіліңде мәңгілік сақталып қалғандығын айтты.

Өсе келе ол әкесінің аманатын орындау үшін адам жанының арашашысы болуды алдына үлкен мақсат етіп қойды. Соған талмай тырысты. Республикамыздағы білікті дәрігерлердің қара шаңырағы болып табылатын Қарағанды мемлекеттік медицина институтына түсті. Студенттік жылдар тынымсыз ізденіспен өтті.

Қолына диплом алған соң, туған жеріне оралып, Қостанай қалалық ауруханасына травматолог-дәрігер, хирург болып, халқы мен еліне адал қызмет етті. Талай алдына соңғы үмітпен келген, өлім мен өмір арасында жатқан сырқаттарды қатарға қосты. Аға буын өкілдерінің ақ батасын алды.

«Алғыспен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер» демекші, жерлерінің шынайы тілегінен де болар, мәртебесі асқақтады. Есімін ел таныды. Жас дәрігерлер өзін тәлімгер тұтты. Өзінің біліктілігінің арқасында облыстық аурухана бас дәрігерінің орынбасары дәрежесіне дейін көтерілді. Бірақ, ешқашан кейбіреулердей кеудесін көтеріп, менмендікке салынған жоқ. Өзін қай ортада болмасын қарапайым ұстады. Кішіпейілдігімен кезге түсті. Ол үшін барлық адамдар бауыр, күллі ұлт өкілдері дос әрі туысқан болатын. Сондықтан да шығар, әлі күнге дейін үлкенді-кішілі қауымның оған деген құрметі ерекше.

## ЕЛІМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕК

Уақытпен санаспай әрі білгірлікпен атқарылған жұмыс қашан да өз жемісін

беретіндігіне оның ғұмыры куә. Қостанай облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының I, II және III шақырылымдарының депутаты болып сайланды. Қоғам қайраткері ретінде күллі қазақ еліне белгілі тұлға елордамыз Астанада қаншама беделді қызметтерді атқарды. Әрине, оның бәріне тоқталып жату да мүмкін емес. Бексұлтан Серікбайұлының «Республикалық балаларды оңалту орталығы», «Ұлттық нейрохирургия орталығы», «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» акционерлік қоғамдары кеңесінің төрағасы болған жылдарын атасақ та оқырмандар біраз жайға әбден қанығары сөзсіз.

Халық қалаулысы атанған кезеңдерде денсаулық саласының өркендеуіне, жұртшылықтың муң-мұқтажына ерекше назар аударды. Сенаттағы әлеуметтік-мәдени даму, экономикалық және өңірлік саясат жөніндегі тұрақты комитеттерінің мүшесі болғанынан да хабардармыз. Ата-аналар беделді азаматтың «Отбасы» депутаттық тобының жетекшісі секілді қоғамдық қызметті жоғары жауапкершілікпен атқарып, ана мен баланың тағдырына әрқашан да сергек қарағанын бір сәтке де ұмытқан жоқ.

Өзінің ау баста таңдан алған мамандығын үнемі жетілдірумен қатар медицина ғылымын дамытуға да өзінің қомақты үлесін қосты. Осыдан біраз жыл бұрын мол жинақтаған бай тәжірибе, үздіксіз ізденістің нәтижесінде кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғады. Осылайша қоғамдық, лауазымдық қызметпен ғылымды тығыз ұшастырып, республикамыздағы әріптестерінің арқасында өзінің дара да сара жолын қалыптастырды. Қанша алынбастай көрінетін биіктерді бағындырып, адамгершілік асыл қасиеттерімен кейінгілерге ғибрат көрсетті. Кімді болсын көздеген мақсатқа кәсібіне шын берілгендік, жоғары парасаттылық жеткізетіндігін іс жүзінде дәлелдеді.

Еңбек қана құрмет пен даңққа бөлейтіндігін танытты. Егер біз оның өткен жылдардағы алған марапаты мен абырой-беделін тізбектейтін болсақ, әрине газет беті жетпейді. Оның омырауына тағылған «Құрмет», «Содружество» ордендері мен бірнеше медальдар, Президенттің Алғыс хаттары, Құрмет грамоталары кейінікеріміздің өмірінің жарқын беттері болып табылады.

Ол қызметтен тыс кездерінің бәрінде уақытты барынша тиімді пайдалануға тырысады. Осы кезге дейін қос монография, хирургия, денсаулық сақтауды ұйымдастыру тақырыбына арналған қырықтан астам ғылыми мақалаларды жазды. Оның осы беделді басылымдарда жарық көрген құнды әдістерінің медицина саласында жүрген әріптестері, жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болашақ дәрігерлер іздеп жүріп оқиды.

Бексұлтан ағамыздың берекелі отбасын әріптестері мен замандастары «Дәрігерлер шаңырағы» десеңі. Өйткені, жеңгеміз Гүлнәр да ақ халатты абзал жан. Дәрігер ретінде есімі баршаға жақсы таныс.

Ерлі-зайыптылар ғұмырларын денсаулық саласына арнаумен қатар өмірлерінің қуанышы балаларын да заман талабына сай тәрбиеледі. Олар да әке-шешесінің сенімін ақтады. Бекең мен жеңгеміз немере сүйіп, бақытты ата-әже атанды.

Азаматтығына кісілігі мен парасатты-

ІЗДЕНІМПАЗ  
ТІЛШІ ҮШІН ТАҚЫРЫП  
ҚАШАН ДА  
ТАБЫЛАДЫ. 1982 ЖЫЛЫ  
АЛМАТЫДАҒЫ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІН АЯҚТАҒАННАН  
КЕЙІН ЕҢБЕК  
ЖОЛЫМДЫ ОБЛЫСТЫҚ  
«ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ» ГАЗЕТІНДЕ  
БАСТАДЫМ. БІР КҮНІ  
СОЛ КЕЗДЕГІ РЕДАКТОРЫМ  
СЕРЖАН ҮСЕНОВ  
МАҒАН ЕСІМІ ОБЛЫСҚА БЕЛГІЛІ  
БІР ОТАШЫ  
ЖАЙЛЫ ОЧЕРК ЖАЗУЫМДЫ  
ТАПСЫРДЫ.

лығы үйлесім тапқан көрнекті тұлға туған жерін алтын бесікке балайды. Қостанайды жер бетіндегі ең көрікті де сұлу қала ретінде өзгелерге айтып отырады. Ата-анасының әруағына құран бағыштап, ағайын-туыстарының, жастық шақтары бірге өткен қимас достарының, әріптестерінің қуаныштарына ортақтасып отырады.

Облыс орталығындағы тың өзгерістермен, аспанмен тілдескен биік ғимараттарды, оқтай түзу көшелерді, өзі бір кездері еңбек еткен қалалық, облыстық және басқа да ауруханалардағы қалың жұртшылық үшін жасалып жатқан игіліктер мен жаңа теңдесі жоқ құрал-жабдықтар мен аппараттарды көріп, шексіз қуанышқа кенеледі. Өйткені, оларда өзінің де қолтаңбасы бар. Жастығы жалынға толы жылдары осында өтті. «Осының бәрі де тәуелсіздіктің, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінің арқасы» деп кеудесін мақтаныш сезімі кернейді.

## ІНІСІ ДЕ АҒА ЖОЛЫН ЖАЛҒАДЫ

Өзіміз азаматтық биік тұлғасы жайлы тілге тиек еткен Бексұлтан ағаның бауырлары да көпшіл, жүректері елім, халқым деп соғатын жандар. Соның бірі – халықтың арасында үлкен құрметке бөленген Сұлтан Серікбайұлы. Ол да ағасы секілді нақты істің адамы.

Кезінде Бексұлтан ағасының жолын қуып, Қарағанды медициналық институтын аяқтады. Өз саласын жетік меңгерген білікті маман осы уақытқа дейін көп жылдар бойы өңіріміздегі жұртшылыққа кеңінен танымал медицина мекемелерін басқарды.

Қайда болса да қарапайым халықтың алғысына ие болып, кәсібін үздіксіз шыңдап жетілдірумен болды. Қазір де Қостанай қалалық урология бөлімінде жоғары санатты дәрігер. Қаншама адамдарға дертіне шипа тауып, құлан таза жазылып, отбасыларына оралуына септігін тигізді.

Ағайынды Бексұлтан және Сұлтан Тұтқышевтар ешқашан атақ дәреже, мансап пен байлық қуған азаматтар емес. Олар үшін ең бастысы – халықтың алғысына бөлену. Олардың денсаулығы, амандығы, отанымыздың берекесі бәрінен де қымбат. Сүлтекең де түтіні түзу шыққан, берекелі де сыйластығы жарасқан отбасының тірегі. Оның ғұмырлық серігі Дәмеш те ер азаматының қадір-қасиетін жоғары бағалайтын әрі күндіз-түні қызмет бабына байланысты тыным таппайтын отағасының сенімді серігі.

Өзі Қарағанды облысының тумасы. Жастайынан ардақты ата-аналарының арқасында тағылымды тәлім-тәрбие алған. Ол бойындағы ізгі қасиеттер мен адамгершілік қырларынан анық байқалады. Сөз саптасынан инабаттылығы айқын сезіледі.

Ол Қостанай облыстық туберкулез диспансерінде ұзақ жылдар бойы абыроймен қызмет атқарды. Өз саласының нағыз майталманы атанды. Ғұмырларын медицинаға арнаған Сүлтекең мен асыл жеңгеміз Дәмеш ынтымағы жарасқан жанұя иелері.

Бұл шаңырақта Махаббат және Мәдина есімді сүйікті қыздары кішкентайынан зерек болып өсті. Жүректері қалаған мамандықтарды игерді. Жоғары білімді қарындастарымыз ата-анасының ғана емес, ел абыройын асқақтатып келеді. Қазіргі таңда осы ұрпақтарынан тараған немерелері Әлішер, Айниса, Амеля мен Марк әулеттің көз қуаныштары.

Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөз бар. Бұл өмірден ойып алынған шындық екені белгілі. Ерлі-зайыптылар балаларын ес білгеннен адамның қадірін біліп, мамандық таңдауда ешқашан қателесуге болмайтындығын айтудан жалықпады. Себебі, жүрек қалауымен таңдалмаған кәсіп ешқашан да нәтиже бермейтіндігін жақсы біледі.

Бүгінде қостанайлықтар белгілі дәрігерлер ағалы-інілі Бексұлтан және Сұлтан Тұтқышевтерді үлгі тұтады. Еңбек жолын жаңадан бастаған бозбалалар мен бойжеткендер солардай халыққа танымал әрі білікті мамандар болуға талпынады.

«Мына тіршілікте адам баласына жақсылық жасаудан әрі оларға адал қызмет етуден артық бақыт жоқ. Дәрігер тек дәрі-дәрмекпен ғана емес, жылы сөзімен де емдей білуі қажет. Өз басым өткен жылдарда осыны жете түсіндім. Елімізде медицина қарқынды дамып келеді. Білімді жастар көп. Бай тәжірибемді соларға үйретіп, халықтың денсаулығын нығайтуға барымды сала бермекпін», – дейді Сұлтан Серікбайұлы ауруханада болған сұхбат кезінде.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы жоғары оқу орнында оқу-әдістемелік, әлеуметтік, тәрбиелік, сараптамалық және этносаяси мәселелерді жүзеге асыру барысында оларды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен қамтамасыз етуге жүйелі көңіл бөліп келеді. Кафедраның басты міндеті – Қазақстан халқы Ассамблеясының тәжірибесі мен елдегі ұлтаралық татулық негізін сараптамалық бірлестіктер мен ғылыми құрылымдарды қалыптастыру арқылы іргелі зерттеуді жүзеге асыру, әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени үдерістер тұрғысында этносаясат мәселелеріне байланысты жүйелі зерттелген тұжырым қалыптастыру, этносаяси зерттеулерді әлемдік тәжірибемен салыстыра отырып зерделеу. Аталған кафедра 2022–2023 оқу жылында бірқатар ауқымды іс-шаралар өткізді.

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ



Гүлжанар  
БОЛАТҚЫЗЫ

2022 жылдың 27 тамызында Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы «Бірлік» студенттік Ассамблеясының белсенді мүшелерімен бірге барлық отандастарымызды еліміздің Конституциясы күнімен құттықтады. Аталған іс-шараға қатысқан студенттер өз сөздерінде мемлекеттің негізгі Заңына деген құрмет әрбір азаматтың жүрегінде болуы тиіс екенін айтып, еліміздің одан әрі дамуы мен гүлденуі үшін жастардың жаңа өзгерістерге оң көзқарасын білдірді.

5-15 қыркүйек күндері кафедраның ұйымдастыруымен 5 қыркүйек – Тілдер күні мен Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл – қоғамның айнасы» тақырыбында университеттің 1, 2-курс студенттері арасында эссе жазу байқауы өтті. Байқауда арнайы құрылған комиссия мүшелері студенттердің жұмыстарын бағалап, жеңімпаздарды марапаттады.

Студенттер арасындағы келесі байқау университетте 19 қазанда «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында болды. Республика күніне орай өткен байқауға қазақ, орыс және ағылшын тілінде жазылған 170 эссе ұсынылды. Оның ішінде қазақ тілінде – 103, орыс тілінде – 22, ағылшын тілінде – 45. Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шыңғыс Нұрланов құттықтау сөз сөйлеп, дипломдар мен сыйлықтар табыстады.

Ұстаздар ұстаханасында 21 қазан күні Республика күніне орай «Жаңа Қазақстанның жаңа келбеті» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы мен Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының бірлескен қалалық мәжілісі өтті. Аталған мерекелік мәжіліс қалалық деңгейде болды. Бұл мәжіліске ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтынан, Достық үйінен, этномәдени бірлестіктерден, жоғары оқу орындарынан арнайы қонақтар шақырылды. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Гүлжиһан Шахарман мәжіліс модераторы болды.

9 желтоқсанда Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы мен Жаратылыстану және география институты «Qoldau» студенттік өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған «Заманауи педагогтің құзыреттілігі» тақырыбында институтаралық интеллектуалдық сайыс өткізді. Сайыс үш кезеңнен тұрды.

Биыл 17 ақпанда Абай атындағы ҚазҰПУ-да Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының ұйымдастыруымен Ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ҚХА кафедрасының профессоры, ғылыми жобаның бас ғылыми қызметкері Ж.М. Сабитовпен «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының оңтүстік аймағындағы этносаралық қатынастардың ерекшеліктері» тақырыбында ҚР ҚЖБМ гранттық қаржыландыру ғылыми жобасы аясында кездесу өтті. Ғылыми кездесудің жұмысына Абай университетінің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Ш. Нұрланов сәттілік тіледі.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің тапсырмасы бойынша 27 ақпанда Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының ұйымдастыруымен «Отаншылдық – ұлт рухының айнасы» атты ашық дәріс өтті.

12 сәуірде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасымен «Шаңырақ» ҚХА кафедраларының республикалық қауымдастығының ұйымдастыруымен XVII «GYLYM JANE BILIM-2023» атты Халықаралық ғылыми конференция өтті. Ғылыми конференцияға Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология және көп тілді білім беру институтының 1-курс студенті Нұғман Тоғжан қатысып, екінші орынға ие болды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 95 жылдығы аясында 21 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының ұйымдастыруымен «Жастар – Жаңа Қазақстан дамуының қозғаушы күші» тақырыбында дәстүрлі қонақтық дәріс өткізілді. Бұл дәрісті Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Гүлжиһан Шахарман ашты.

3 мамыр күні университеттің 95 жылдығына орай Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы мен Филология институтының ұйымдастыруымен «Береке бастауы – бірлік» тақырыбында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған студенттердің этнофестивалі өтті. Этнофестивалді салтанатты түрде құттықтау сөзбен Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шыңғыс Нұрланұлы ашты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының қосымша қатысқан іс-шараларына да тоқтала кетсек артық болмас. Айталық, 27 қыркүйекте Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Алматы қаласы әкімдігі, Қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» мекемесі және университеттік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің ұйымдастыруымен «Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі» тақырыбында семинар өтті.

11 қарашада ҚР АҚДМ Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты, «АМАНАТ» партиясының Қоғамдық саясат институты және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті бірлесіп «Электоралдық белсенділігі азаматтық бірегейлік факторы ретінде» атты жалпыреспубликалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізді.

Биылғы жылдың 5 мамыр күні Қазақстан халықтарының бірлігі күні мен білім ордасының 95 жылдығына орай «Менің университетім» атты түлектермен кездесу болды. Шараны университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор Дархан Нұрланұлы ашты.

Айта кетейік, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының барлық іс-шарасы жас ұрпақтың бойына отаншылдық сана сезімді сіңіруге, ел тәуелсіздігін нығайтуға, ұлттық бірлік пен тұтастықты сақтауға бағытталған.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті – отбасының өмір тіршілігіне тікелей байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Міне, отбасының берік негізі рухани мүдденің бірлігінде болмақ.

# ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНЕН БАСТАУ АЛАДЫ



Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да дін талап еткен тұрмыс ережесін білуге, орындауға міндетті болған. Ғасырлар бойы далыптастан халық дәстүрлері мен салт-тары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы, «қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өруі дұрыс па, оны шаш-баумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кімешектің астына жасырып қойған жөн бе?» дейтін жайларды жіктеген. Ал, қазір қыздарымыздың кіндігін көрсетіп жүруі, жарассын-жараспайтын киімдерді киюі өміріміздің бір бөлшегіне айналғанын жасыра алмаймыз. Баланың жақсы адам болуы тек қана өмірдің ағымынан қалай киіну ғана емес қой. Ендеше, оларды өмірден өз орнын таба алатын адам ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатқаны рас.

Ұрпақ – болашақ, яғни ол адамзаттың болашағы, ал отбасы – кішкене мемлекет. Отбасында ынтымақ болмауы, ерлі-зайыптылар арасындағы алауыздық, бірінші сөзін екіншісі тыңдамауы бала тәрбиесін тым қиындастырып жібереді. Сондықтан ата-ана бәделден, тіл алғызу ықпалынан айырылады. Кей ата-аналар өздерінің міндетін тек балалардың қарнын тойдыру, киімдерін бүтіндеу деп те ойлайды. Балаларының білімін мектепте алған бағаларымен ғана бағалайды. Екі алса – жаман, бес алса – жақсы. Оқу жылы ішінде бірде-бір рет баласының сабағына қатыспайтын ата-ананың баласы бұзық болса, тәртіпсіз болса, ұстаздар қауымына тіл тигізіп, қаралап жататын кездері де аз болмайды. Міне, отбасындағы білім беру бағытындағы тәрбиесі жайына қалады. Отбасының аса маңызды міндетінің бірі – баланы жарқын істерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу. Ұлтымыздың «Баланды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа патшайын құлдыңдай жұмса, одан соң өзіңе ақылшы дос сана» деген өмірлік қағида қалып.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы – ата-анасы» демекші, отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет те солай қалыптасады. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымең-ақ баланы шектен тыс шолжандатпай, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулау – ата-ананың басты міндетінің бірі.

Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін фактордан ата-ана ержасар аулақ болуы керек. «Әкеге қарап үл өшер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген том пішер» демекші, жалпы отбасында үл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Ұл туса – елдің қорғаны, қыз туса – елдің көркі» деп халқымыз бекер айтпаған.

Ата-бабамыз отбасы тәрбиесінде еңбекке де көп мән беріп, ол туралы да өзіндік ойланды қалдырған. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін отпаған айуанның бірі боласың. Адамзаттың қамы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлы боласың» деп отбасында баланы жастайынан еңбекке баулуың маңыздылығын жоғары қоя білген. «Ата-ана балаға сыншы». Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырып, не-

мен айналысып жүргендігіне жіті көңіл бөлсе, мерзімдік басылымдарға жаздырып, әдеби шығармаларды оқуға жасыннан дағдыландырса, кейін бармақ тейстейтін оқиғалардың алдын алуға болады.

Рас, ата-ананың тәрбиесі – бала мінезіннің іргетасы. «Тәрбие – табалдырықтан басталады» деген нақыл өмірден алынған. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелеу де саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналылықты баптап-қы қаралайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. «Біздің балалар – біздің қарттығымыз, жаман тәрбие – болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы кінәміз» дегендей, кең байтақ елімізде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік салтанат құрып, үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бұршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз керек. Бабаларымыздан қалған «Тәрбие басы – тал бесік» деген нақыл бар.

Иә, данышпан ата-бабаларымыз бала тәрбиесін сол бесік жырынан тегін бастама-са керек. Бесікке бөленген сәби үшін тәрбие басы – бесік жыры. Ананың бесік жырымен бесіктен шыққан бала әнге, өнерге сол құйттай кезінен жақын болады. Себебі, ана сүтімен бірге құлағына сіңісті болған әсем ән ұрпақ үшін өмірлік серік болатынын бұрыңғылар жақсы білген. Қазақ халқының өлеңге, ақындыққа жақындығын ғалымдар осыдан деп түсіндіреді.

Адам үшін ең жақын әлеуметтік орта – отбасы. Отбасы – белгілі бір дәстүрдің, жанға жағымды өнегенің, асыл мұра мен қаймағы бұзылмаған салт-дәстүрдің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-күлкі нормаларын игереді.

Қазіргі заманға сай біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінде аптаның бес күнінде жеке психологиялық және социологиялық сауалнамалар мен тренингтер әр топтың білім алушылармен бірге жүргізіледі. Оларға арналған апталықтармен қатар тәлім-тәрбиені дамыту жолындағы негізгі мемлекеттік білім беру бағдарламаларына сәйкес біздің оқу орнымызда өтетін түрлі шаралар өз нәтижесін беріп келеді. Әрине, болашақты бастау қиын емес, ал тәрбиені ұмытпау ол қоғамның қозғаушы күші болып табылады. Отбасындағы ата-ана тәрбиесінен бөлек, қоғамдық ортадағы тәрбиенің мәні зор. Себебі, сол ортада білім алушы өзінің сана-сезімін, қарым-қатынасын, ұлттық болмысын, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, болашаққа деген көзқарасын өзгертіп қана қоймай, азаматтық құндылықтарын сақтап, өзінен кейінгі жас буын білім алушыларға үйретеді.

**А.Б. ӘЗІМБАЕВА,**  
М. Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің педагог психологы

**А.Б. БЕЙСЕНБАЕВА,**  
М. Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің әлеуметтік педагогы

«НЕ АТАУ, НЕ ДІНИ СЕНІМ,  
НЕ БАБАЛАР ҚАНЫ  
АДАМДЫ БІР ХАЛЫҚТЫҢ ӨКІЛІ  
ЕТЕ АЛМАЙДЫ.  
КІМ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕСЕ,  
ОЛ СОЛ ХАЛЫҚТЫҢ ӨКІЛІ»  
ВЛАДИМИР ДАЛЬ

\*\*\*

ДАЛЬДІҢ ОСЫ СӨЗІНЕ СҮЙЕНЕ  
ОТЫРЫП, МЫНАНДАЙ  
ТҰЖЫРЫМ ЖАСАУҒА БОЛАДЫ.  
БІР МЕМЛЕКЕТТЕ ТҰРАТЫН  
ӘР ҰЛТТЫ ХАЛЫҚ БІР  
ТІЛДЕ СӨЙЛЕСЕ, БІР ТІЛ ОЛАРДЫ  
БІРКІТІРЕДІ ЕКЕН.  
АЛ, БІР МЕМЛЕКЕТТЕ ТҰРАТЫН  
ХАЛЫҚ ЕКІ ТІЛДЕ СӨЙЛЕСЕ,  
КЕРІСІНШЕ, ОЛАРДЫ АЖЫРАТАДЫ.  
ТІПТІ, ЕКІ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙТІН  
БІР ҰЛТТЫ ДА ЕКІ АЙЫРАДЫ.  
ЕКІ АЙЫР ТІЛ ТЕК УЛЫ  
ЖЫЛАНДА ҒАНА БОЛАДЫ.  
ҚҰДАЙ САҚТАСЫН! ӨЗІМЕН КЕТСІН!  
ИӘ, ӨЗІМЕН КЕТСІН ДЕЙМІЗ!



Ендеше, біз бір мемлекетте тұрып неге екі тілде сөйлейміз? Осы жерде тұрып, осы жердің суын ішіп, осы жердің нанын жеп, осы жердің бар игілігін, байлығын ортақ пайдалана отырып екі тілде сөйлейміз. Екі тілде сөйлеген соң, ой-сана да екі түрлі деген сөз. Бұл жерде мен әркімнің жеке басының сана-сезімін, мақсат-мұратын айтып отырған жоқпын. Жалпы халықтық, отандық, мемлекеттік ой-сана, мақсат-мұрат туралы айтқаны отырмын. Тіл, ардақты ана тіліміз сол ой-сананы, мақсат-мұратты жария ететін негізгі құрал емес пе?! Тілдің адамның психологиясына да үлкен ықпал ететінін өмірде көріп жүрміз. Сондықтан «кім қай тілде сөйлесе, ол сол халықтың өкілі» деп орыс жазушысы өте дұрыс әрі нақтылы айтқан. Бұл сөздер талқыға түспейтін аксиома. Өйткені, ол дәл осы өмірден, естігеннен емес, көргеннен, нақты тәжірибеден алынып отырған шындық. Осы сөзді Қазақстанда тұратын әрбір адам өзінің қай тілде сөйлеп жүргенін санасына салып, шайқап, шайқап алып ойлағаны жөн-ау!

Анау бір кезде «ТМД-да орыс тілін үйретуді күшейту керек» деген мағынадағы Путиннің телеарнадан сөйлеп жатқан сөзін естігенім бар еді. Бұл сөзде де терең әрі теріс мағына жатқанын санасы бар адам түсінетін болар. Болмаса егемендік алып бөлініп кеткен мемлекеттерде енді олардың қай тілде сөйлеп жатқанында қандай шаруасы бар екен?!

Иә, шаруасы болғаны ғой. Біз олардың бодандығында 300 жылдан астам уақыт болдық. Сол бодандықтан қалған белгілер бойымызға әбден сіңіп қалған. Бодандықтың ең үлкен белгісі де орыс тілі. Өз ана тілін менсінбей, өгейсініп орыс тілінде сөйлейтін мәнғұрт қазақ бізде аз емес. Жоғарыда Дальдің айтып отырғаны да солар. Ендеше, оларда еліне, жеріне, туған халқына деген, тіпті Отанына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім болады деп айта алмаймыз. Болса да сирек шығар-ау!.. Демек, адам баласының ой-санасына ықпал ететін тіл мәселесінің маңызы зор екен. Бір мемлекеттегі халық жаппай бір тілде, сол елдің мемлекеттік тілінде сөйлесе, олар бірін-бірі тез ұғысар еді. Бірлік пен ынтымақтың ұйытқысы болар еді. Міне, Президентіміз Тоқаев ұран тастаған бірліктің кілті қайда жатыр?!

Өкінішке қарай, біздің мемлекеттік тіліміз жаппай қолданысқа шыға алмай ысырылып қалды. Түкпірге апарып тығып тастады. Өйткені, Конституциямызда ұлтаралық тіл – орыс тілінің күші басым болып кетті. Ұлтаралық тіл деген соң көпшілік сол тілде сөйлеп жүр. Ұлтаралық тіл Конституцияға не үшін қыстырылды? Баяғы орыс ағайындардың көңілін аулау. Біз оларды ұлы халық санадық қой. Неге бұлай деп мемлекеттік тілді жоқтап жатқан билік те жоқ. Биліктегілер баяндама жасап, сөз сөйлесе орыс тілін қосақпатамай өз сөйлей алмайды. Алдарына өзіміз аударма жасап алып кеп отырған соң олар қазақ тілін үйреніп қайтсін. Оларды осылай үйреткен өзіміз кісіліміз. Ұлтаралық тіл дегенді Конституцияға кіргізіп қажеті де жоқ еді. Себебі, Қазақстандағы орыстан басқа өзбек, қырғыз, ұйғыр, түрік, татар сияқты түркітілдес халықтардың бәрі де қазақ тілін түсіне де, сөйлей де білетін. Сонда ұлтаралық тілді (тағы да айтам) кім үшін кіргіздік Конституцияға?! Орыстар үшін! Егер бір ғана қазақ тілін – мемлекеттік тіл дегенде, орыс ағайындар да заңға бағынып, мемлекеттік тілде сөйлеп кететін еді. Осыған келген мемлекеттік тілдің (занда жазылған) құқығын жоқ қылған өзіміз. Биліктегілер. Өйткені, жоғарғы жақтағы биліктегілер, мемлекеттік қызметкерлердің өздері қазақ тілін (мемлекеттік тілді) шала біледі. Сол «шала қазақтарға» орыс тілінің өзі оңтайлы болды. Баяғы орыстанып кеткен «құлдық психология» тағы да кедергі жасады. Сол құлдық психологиядан арылу қиындау боп тұр әлі де. Бірақ, оны өздері сезбейді. Құлдық психологиядан арылуың басты жолы – ұлттық идеология. Бізде ұлттық идеологиядан әлі жасқану бар. «Ұлттық» деген сөзден әлі қорқады, тайсақтайды. Осыған жібермей отырған да сол бодандық, құлдық психология баяғы! Неге бізде ұлттық идеология болмасқа?!

# ТІЛ ҚҰДІРЕТІ

«КІМ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕСЕ, ОЛ СОЛ ХАЛЫҚТЫҢ ӨКІЛІ» БОЛА МА?



Осы мемлекетті құрып отырған халық қазақ қой. Мемлекетіміз де сол халықтың атымен аталады. Мемлекет иесі де, жер иесі де қазақ. Ешкім бізге басқа жақтан жер алып келген жоқ. Жеке егеменді ел болған соң, сол мемлекеттің өз идеологиясы болу заңды мәселе.

Жазып отырған басты мәселем ана тіліме оралайын. Бізде бүгінгі заманда ана тіліміздің қасиетті мәйегіне қанып сөйлей білмегендіктен азамат, жалпы адамзат бойында болатын ұлттық асыл қасиеттердің де саязданып бара жатқаны айқын байқалады. Өйткені, тіл адамның ой-санасын өзгертетін үлкен психологиялық құбылыс жасайтын басты құрал. Мысалға үнемі басқа тілде сөйлейтін қазақ пен бірыңғай өз ана тілінде сөйлейтін қазақ салыстырып байқап көріңізші. Екеуі де бір ұлттан, екеуі де қазақ. Бірақ, екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Екеуінің ой-санасы да, өмірге көзқарасы да екі түрлі, олардың жан дүниесі екі басқа. Міне, тілдің құдіреті!

Конституциямызда «мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп таяға таңба басқандай анық та танық жазылған. Бұл заң ба, заң ғой. Неге біз оны орындамаймыз?! Сол мемлекеттік тілді жаппай қолданысқа шығармай неге тығып отырмыз?! Осының өзі заң бұзғандық емес пе?! Ал, заң бұзылса, ол қылмыс! Неге біз мемлекеттік тіл туралы заңды бұзамыз?! Себебі, бұл қылмысты сонау биліктегілердің өзі бастап қолдап отыр. Және сол биліктегілердің арасында өз ана тілін білмейтіндер жетіп артылады. Сондықтан олар өз ыңғайларына қарай басып отыр.

Шындығына келсек, жаны ашымастың, басы ауырмастың амалын жасап отырмыз. Ертеде Ататүріктің тұсында Түркияда имандылық жолына түскендері сонша, халық өз тілі – түрік тілінен араб тіліне ойысып бара жатқаны анық байқалыпты. Түріктің өз тіліне қауіп төнгенін білген Ататүрік бірден жедел шара қолдана бастапты. Ақыры түрік тілін сақтап қалыпты. Міне, тілге жанашырлық деп осыны айтса керек. Ал, біз мемлекеттік өз тілімізден айырылып қалған бейшара халыққа ұқсаймыз.

Бұл жөнінен мына көршіміз өзбек ағайындардан үлгі алуға болады. Олар қай жерде, қай жұмыста болмасын, өз ана тілінде сөйлейтін халық. Басқа тілде сөйлейтін адам келсе, оларға жауап бермейтін көрінеді. Тіпті, басқа тілде сөйлеген адаммен сөйлеспей қояды екен. Сондықтан Өзбекстанға барған адам міндетті түрде өзбек тілін үйренуі қажет болған. Шіркін-ай, біздің орыс тілінде сөйлейтін өз қазақтарымыз үшін осындай бір шара қолданылса ғой! Мәселен, қазақ тілін білмесең, жұмысқа алынбайсың десе, ана тілінде сөйлемеі жүрген бар қазақ ертеңіне қазақ тілінде сайрап кетер еді.

Тіл мәселесі орындалмайтын армандай болып барады. Журналистикаға қадам басқан алғашқы мақаламды 1967 жылы осы ана тіліміңіз тағдырына арнап едім. (Радиоан да талай сөйлеп айтып едім). Хал-қадірміше қарекет те жасадым. Сонау 3-4 пайыздық қана қазағы бар Лисаков, Рудный қалаларындағы қалалық радиосынан қазақ бөлімін ашып, қазақша сөйлеттім. Осы күнге дейін радиосы да, телеарнасы да қазақша сөйлеп тұр. Сол жұмыстарыма қолдау көрсетіп штат берген Итемғов, Исламиев сияқты ұлтжанды азаматтарға әлі күнге дейін ризашылығымды білдіріп, еске алып тұрамын. Алла оларға иман байлығын берсін. Қазақ тілі қоғамымен бірлесе орыс мектебінен қазақ сыныбын ашқан едік. Қазір Лисаковта бір қазақ мектебі, Рудныйда екі қазақ мектебі бар. Мен мұны мақтаным үшін айтып жатқаным жоқ. Осы ана тіліміз үшін жанымыз ауырмай ма?! Үкіметке қол жайып қарап отырғаннан не таптық?! Халық атынан бір тірлік керек сияқты. Том-том кітап жазып жатқан жазушыларымыз қайда?! Кітап жазу үшін алдымен ана тіліміз жазушыларға керек қой.

Мен шеруге шақырып отырған жоқ. Баяғыда айтулы жазушыларымыз Мұхтар Әуезовті, Фабит Мүсіреповті, Илияс Есен-

берлиндерді Қонаев та тыңдап еді ғой. Қонаевпен жақсы қатынаста болып, сөзін өткізген еді ғой олар. Қонаев олармен санасқан. Ал, бүгінгі жазушыларымыз ше? Айналайындар, кітап жазғыларың келсе, ең қасиетті Ана тілдеріңді қорғандар! Бұл біздің Құдай алдындағы да, адам алдындағы да парызымыз. Қолдарыңнан келсе, сол қасиетті ана тіліміздің мәртебесін көтеруге, жаппай қолданысқа енгізуге қарекет жасаңдар!

Иә, «бұл кім өзі бізге бұйыра сөйлеп, ақыл үйретіп жатқан» деп таңданып отырған боларсыңдар. Мен өмірімді журналистикаға арнаған Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, 86 жастағы қария әжелеріммін. Ашынғаннан шыққан ашы дауысымының кебі ғой. Қазағымның ұлт болып, халқының мәңгі жасауы оның мемлекеттік басты белгісі осы тілге байланысты екенін көзі ашық, көкірегі ояу әр азамат білуге тиісті.

Осындай кең-байтақ (әлем бойынша 9-шы орындағы) жерді аман-есен жеткізумен бірге ата-бабаларымыз бізге ана тілімізді де сол қалпында басқа тілге ауыстырмай сақтап, өзге тілде сөйлемей, жерге де, тілге де опасыздық жасамай жеткізді ғой. Сонау трибунадан: «Жерді сақтауға болмайды, Жер-Ана, Ананы сақтауға болмайды» деп айғай салған Шерхан Мұртазаның дауысы әлі құлағымызда тұр. Нағыз патриот парасатты азамат еді. Өкінішке қарай, елінің, жерінің, жалпы қазақ халқының қамын ойлайтын мұндай патриоттар азайып барады.

Жерге, елге деген сүйіспеншілік туралы мына өзім көрген бір жайды айта кетсем артық болмас. Ертеректе Құрманқұл деген ағайыммен сапарлас болдым. Елге, Қызбелге бара жатқанбыз. Ел іргесіне жақындай бергенде ағай көлікті тоқтаттырды. Өзі көліктен түскен бойда жерді құшақтай жата кетті. «Туған жерім, атамекенім, жеттім-ау саған» деп күбірлеп жатты.

Үлкен ағайым Батыр: «Ау, Құреке, бұныңыз не, елді, жерді бізден сағынған екенсің ғой», – деп қолынан демеп жерден тұрғызып алды. Көзінен ытқып шыққан жасты байқадым.

Міне, елге, жерге деген осындай сүйіспеншілік, құрмет қазір бар ма?! «Отан отбасынан басталады» демекші, Отанға деген сенімділік те осыдан басталады. Отанның да, халықтың да басты байлығы да, тірегі де жері, халқы және халқының тілі. Осы мемлекеттік үш белгімен Қазақстан атанып отырмыз. Біз неге өз тілімізді қорсынуымыз керек?! Біздің тілімізді ешкім де кеміте алмайды. Қазақ тілі сөздік қоры мол бай тілдердің біріне жатады. Мұхтар Әуезов жазған «Абай жолы» кітабын Лев Толстойдың «Война и мир» кітабымен салыстырғанда, «Абай жолының» сөздік қоры одан асып түскені туралы ақпарат бар. (Мен қателеспесем). Сонымен бірге, қазақ тілі оқуға да, үйренуге де жеңіл деп айтуға болады. Себебі, біздің ана тілімізде оқуға қиын тиетін дауысты дыбыссыз сөз жоқ. Әрбір сөз дауысты дыбыстармен аралас келеді. Сондықтан естілуі, дыбысталуы әуезді әсем тіл. Дауысты дыбыстардан құралған сөз қашанда анық та танық айтылады. Мен тіл зерттеушісі емеспін. Бірақ, үнемі ана тілімде сөйлейтін болғандықтан ба басқа тілдермен салыстырғанда құлаққа жағымдырақ, мұқият тыңдаған адамға әр сөзін ажыратып алуға да оңайырақ сияқты көрінеді. Ал, сөздік қорының байлығы жөнінен Герольд Бельгерден артық ешкім айта алмас. Ол жылқы мен түіенің отыздан астам атауы барын айтқан болатын. Отағасы екеуіміз түіенің атауларын оннан артыққа жеткізе алмаппыз. Бұл енді үлкен тақырып. Ана тілімізге қызығушылығы бар жастар дәл осы тақырыпта ғылыми еңбек жазса да артықшылығы болмас еді. Әрине, ондай еңбек ана тіліміздің мәртебесін бір көтеріп тастары хақ!

**Ханзипа КӘКІМЖАНОВА,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, жазушы, журналист



өтірігі аралас гу-гу әңгіме тарайды. Ойбай не дейсіз, «Айқарагөз ана пәленше бай-дың, түгенше басшының нақсүйері екен». Әр алуан өсегі бар сыбыс әңгімелер жиі айтылатын болды. Тіпті, бір күні осы әйел үшін атысты деген хабар дұңқ етіп, қала бір шулап басылған. Анау-мынау адам маңайынан жүре алмайтын сұлу әрі он бес жылдан бері осы кәсіптің сылыңғыр ханшайымы атанған адамның айдың күні аманында өз-өзіне қол жұмсауына жол болсын?! Бірінші жақтан баяндаушы жорналшы таныс полковникпен Айқарагөздің күнделігімен танысып шығады. Ол мұның сырын ұққандай болады».

Айқарагөз мінезді, текті әйел. Ол жаз кезінде тұрмыстың мұқтаждығымен жез өкшелік жолға түссе де, есейе келе одан безініп, өзін-өзі жеккөре бастаған. Оның рухани мықтылығы сонда, жезөкшелікпен тәнін былғағанымен, қайсар рухын әркез биік ұстай білген. Полковник Айқарагөз қалдырған өсиетнаманың сырын ашты. Өзі жинаған 10 мың доллар ақшасын жетім балалар үйіне беруді өтініпті. Әңгіме иесі полковникпен сөз жарыстырып отырып: «Қоғам сұрқия, жемқорлықтың ауруы мендеп, билік жоғарыдан төменге дейін іріп-шіріген. Бұл бұл ма, енді он-он бес жылдан кейін тіпті қиын болады. Себебі, билік аренасына балабақшадан бастап мектеп пен жоғары оқу орнына шетелдік машинамен барған ұрпақ келеді. Олар шынайы өмірден қол үзген» деп бір толғап тастайды. Әңгіме расында осыдан он бес жылдай бұрын жазылған екен. Автордың болжамында шындық бар.

Серік Шайманның «Бегімайдың әні» атты тағы бір шығын туындысы да осындай шығармаларымен сарындас. Мұндағы кейіпкер – сұлу да сымбатты әрі әнші, әрі әртис Бегімай ханым.

«Отыздың ішіндегі тісқаққан жалғыз-басты әйелді таң қалдырғаны – қаланың жаңадан келген басшысы. Қала сыртындағы оңаша кездесуде қала элитасының аузынан түспейтін бұл келіншекті тоғайдағы келісті қонақ үйде, өзінің жекеменшік келігімен әкеліп, домбыра алғызып, сыпайы да мәдениетті түрде ән айтқызғаны. Жас әкім қатты риза болып, құшақтап, ернінен ұзақ сүйеді. Бірақ, аяқ астынан жоғарыдағы басшысы шақыртып, жақсы отырыс шорт үзіледі. Бегімай үйге келгенде қол сөмкеге жас әкім салған су жаңа мың долларға дан риза. Бірден төсекке сүйремей, тең адамдарша әзіл-қалжыңмен сөз қағыстырып отырғаны тағы да еске түседі.

Бегімай да ойға беріліп, өз өмірін шола қараса, көрген түстей екен. Қарапайым ауылдағы қарабайыр шопырдың отбасында есті. Он алтыға келгенде әкесінің өгейлігін естіп, үйден кетіп, қаладағы музыкалық училищеге оқуға ілігеді. Оқып жүріп Темірбек деген жігітке өлердей ғашық болып, ақыры осы қызы – Ақботаға аяғы ауырлап қалады. Темірбекпен тұрмыс құрудың қисыны келмейді. Алты айлығында туған қызын шешесіне апарып береді. Сөйтіп, қалаға келген салт басты, сабау қамшы бойжеткен елітаның назарына ілігеді. Анау-мынау емес, өңірдің ең ірі басшысы «құрық» салады. Содан бастап-ақ дүние шыр айналып жүре береді. Жайлы пәтер, филармонияның белді әншісі, сый-сияпат, құрмет-қошемет. Талай әкімдер ауысты, талай әкімдердің құмарын қандырды. Мұның сұлулығы мен таланты еркек атаулының құмарлығының жемі, құрбаны. Бірақ, жылдар өте, Бегімайдың уайым жейтін кездері бар. Ол келешегі қалай болмақ? Алда не күліп тұр? Өмір бір орнында тұрмайды. Мәңгілік ешнарсе жоқ. Бір қараса өзіндей әйелдер басшылардың бабын тауып, Жоғары Кеңеске депутат болып жатыр. Мұның олардан несі кем? Сұлу, сүйкімді, элита ортасында қолдаушылары да бар. Партияға өтіп алып, келесі сайлауда неге бағын сынап көрмеске. «Кім біледі, мүмкін өтіп кетермін» деп ойлайды. Міне, пенденіңіз ойы қандай?! Өзінің әлеуметтік мәртебесі де, ішкі адамгершілік мәдениеті де адыра қалып, халық қалаулысы, ең жоғары депутат болғысы келеді».

Автор осылайша әйелдің ішкі әлемінен сыздықтағата сыр тарта отырып, Бегімайдың жан толқынысын: «Беу дүние-ай, десеніңіз-ші, әркімде әр түрлі мақсат бар. Адам құндылықтар мен әр-ождан саудаға түскен мынау алмағайып заманда біреу иеніңіз жасуындай саңылаудан қиямет жолымен өтіп, дiттеген мұратына жетеді, біреу жетпейді. Атам қазақ дүние, бір қу түлкі буландпаған деп осындайды айтқан-ау, сірә?» деп бітіреді.

Жұмыр басты пенденің бойына біткен артықшылықтары – сұлулығы, сымбаты, дарыны мен қарымы, бақыты мен бағы, айналып келгенде сол бойдағы бар құмарлықтың құрбаны, ғашықтықтың күйіңге ұшырайтыны қалай? Құмарлық – бүкіл тіршілік иесіне тән қасиет, яғни табиғи құбылыс. Бірақ, оның кесірі мен кеселатынан құтылу мүмкін бе? Мүмкін болар, бірақ ол мехнаты көп, тар жол, тайғақ кешуден тұратын ұзақ жол. Көркем сөз иелері қоғамдағы осы бір бітіспес майданның сырына үңілумен келеді.

Серік Шайман да өзінің шама-шарқында осы бір нәзік те кірпияз сезімнің тағдыр-талайын бақылап көрген екен. Өзіндік тұщым, өзіндік пайым бар. Адамдар қарым-қатынасының сыртқа көрінісін, салдарын жақсы түсінетіндігімен тартымды. Рас, табыстарымен қатар кемшіліктері де бар. Кейіпкерлерінің жан әлеміне тереңдеп баруға келгенде жалқау. Айталық, Бонапарт әйелі Аққайнаш қисық аяқтарын ота жасатып түзетіп келгенде, бірден отбасына қайтып оралуы сендіре қоймайды. Психологиялық қисын жетпей тұр. Сол сияқты Айқарагөздің күнделігі де тым жұтан, оның ішкі күйзеліс сол жерде ақтарылуы керек-ті. Бегімайдың образына да осындай мотивировка керек-ақ.

Қаламгер Серік Шайманның кейіпкерлері – күнделікті қасымызда жүрген замандастарымыз. Олардың бастан кешкендері де осы өмірде бар оқиғалар, күйінің сүйініштер. Сондықтан да, оқушыны бейжай қалдырмайды, сенесіз. Аз жазса да, саз жазуға ұмтылатын Секеңнің қазір кемеліне келген шығаты. Әлі талай тұщымды дүниелер оқимыз ба деген үмітіміз бар.



ЖАНУЗАҚ АЯЗБЕКОВ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ, СЫНШЫ

# СЕЗІМ СЕРТЕЛДЕҢІ

## / ҚАЛАМГЕР СЕРІК ШАЙМАН ПРОЗАСЫ ХАҚЫНДА /



«Қара бала» деген әңгімесінен де әйел құмарлығын жоққа шығара алмас едік. Әдемі қазақ әйелі үш-төрт жас шамасындағы баласын жетелеп, қала ортасындағы саябаққа келеді. «Бала өзгеше, шашы бұйра-бұйра, өзі көмірдей қап-қара. Тура сойып қаптап қойған африкалық. Тілі қазақша, ана-мынаны сұрап тақылдап тұр». Саябақта демалып отырған бір кексе әйел баланың шешесінен сыр тартып сұрайды. Сөйтсе, өткен ғасырдың жетпісінші жылдардың аяқ кезінде болса керек. Алматыда студент болып оқып жүргенде бұл қыз құрбыларына ілесіп, шетел киіміне қызықтырған африкалық жігіттердің бөлмесіне барып, сол жерде шарап ішіп, зәңгілердің тұзағына ілініп қалады. Оны былай суреттейді: «Маған бас салды, қарсыласуға дәрмен жоқ, тыржалаңашпын, бұған дейін де болар іс болған сияқты. Ананы көргім келмей кезімді тарс жұмдым. Ол өліп-өшіп, жалап-жуқтап әкетіп барады. Қара бақайымнан бастап аузыма дейін бүкіл денемді күйдіріп сүйіп шықты. Бүкіл денем балбырап, арам тәнімдегі нәпсі жыландары қуана ойнақ салмасын ба? Өзімді басқа бір тылсым дүниеге тап болғандай сезіндім. Санам дұрыс сияқты, ал денем өзіме бағынбайды. Ананың қаққан қазықтық еркек мүшесі тәніме тиген сайын соған құмартып, емешем үзіле түседі. Сезімнің тұла бойымда бұлағаны сондай негрдің көнтек ернін қырши тістеп, сүйе бердім».

Міне, бір түндік нәпсіқұмарлық ақыры қандай болғанын ішіңіз сезген де болар. Оқу бітіріп елге келген соң Сақуша (әйелдің аты) алғаш сөз салған адамға тұрмысқа шығады. Күйеуі мінезі жұмсақ, момын адам екен. Қызметі, тұрмысы жақсы, қымбат көлікті, жайлы пәтерлі болады. Бір қыз тұлып алады. Бірақ, күйеуінің бар арманы – ұлды болу. Жасы қырыққа тақап қалса да, әйел тәуекелге барып, бала көтереді. УЗИ құрсағындағыны «ұл» деп көрсетеді. Мұны естіген күйеуінде ес жоқ, атадан жалғыз әрі аурушаң, «ұрпақ қалсын» дейтін арманы. Бірақ, осы жерде адам айтса сенгісіз сұмдық жағдай болды. Перзентханада Сақуша босанып, негр бала туады. Әйел жындыған кете жаздайды. «Арада он алты жыл өтті ғой. Он алты!». Психолог дәрігердің айтуынша, әйелдің жатырында баяғы негрдің ұрығы қалып қойған. Өзіне қолайлы сәт туғанда әйелдің ұрығымен будандасқан. Күйеуі де, қызы да бұдан безіп, теріс қарға кетті. Елдің бәрі баланы Сақуша шет елге барып жүргенде немесе олар келгенде ойнастан тапты деп шешті. Әйел мұндай қорлыққа шыдай алмай баланы өлтіргісі келіп, ваннадағы суға тұншықтырады. «Екі қолы ербендеп, қақалып-шашалып, су астынан өзіме бақырайып қарағанда иманым ғасыл болып, қайта суырып алдым. Бейшара зәресі ұшқаны сондай мойнымынан тасқып құшақтап, кеудеме жабысты да қалды. Ішім алай-дүлей, өзіммен өзім жиіркеніп, кектеніп алғам. «Штен шыққан шұбар жыл» деген сол, бәрібір баланы өлтіре алмадым. Ендеше, өзім өлейін деп ойладым.



дың бәрі кешегі совет заманындағы әбден ығыр болған есімдер. Ешкім ойламаған жаңа ат қою керек. Мәселен, Манап, Марсель, Мерге, Жошы. Дұрыс, Жошы ханның атын қоямын. Алтын Орданың хозияыны!

– Ал, қыз тусаңды?

– Қызды өзімнің атыма жаздырам. Саған оның керегі не, өскен соң бәрібір байға тиіп кетеді. Сенің есімің далада қалады.

Сөйтіп, жүргенде бір күні сарт етіп Ақайнаш мұның жұмыс кабинетіне кіріп келеді. Қасы-көзді сұрмелеп, бетті опалап, шашты қиып тастаған. Жүзіктің көзінен өткендей жұтынып тұр. Қара санын әзер жасыратын шоп-шолақ юбка киіпті. Масқара, аяғы!.. Түп-түзу. Бонапарт көзі жыпылықтап аузын ашты да қалды.

– Не, немене, аяғым аяқ-ақ, сауығып шықтым. Доп тебуге де, секіруге де жарайды. Қарашы, түп-түзу. Мен барып үйді жинаймын. Сен жұмыстан ертерек босап, балаларды алып кел, – дейді Ақайнаш.

Бонапарт аң-таң күйі ата-енесіне барып, балаларын үйіне алып келді. Балалары шешесін көріп мээ-мәйрам. Үй іші жайнап, жарқырап кеткен.

– Түу, иісінді сағындым ғой, – деп, Ақайнаш күйеуін айқара құшақтап бетінен шөп еткізіп сүйіп алды.

Бонапарттың жүзі бал-бұл жанып, көзі күлімдеп қоя берді». Міне, әңгіменің ұзын-ырғасы осындай. Серіктің тілі жылы. Оқығанда үйіріп алып кетеді. Оқиғаға сенесіз бе, сенбейсіз бе, ол енді өз еркіңізді. Бірақ, бір тартымдысы – автор кейіпкерлері өмір сүріп отырған қоғамды шым-шымдап мысқылдай отырып, қоясын ақтармалайды. Бәрі де шындық. Мысалы, Бонапарттың әкесі баланың аты теріс жазылғанын мектепке барарда бір-ақ біледі. Өйткені, әкесі Торғайдың кең даласында қой бағып жүріп кеңес әріпімен оқымаған, арабтың төтеншесімен шала сауаты бар адам.

«Байғұс шал қойдың басын кесетін доқтыр баладан «Бонапарт – тарихта аты қалған француз деген халықтың патшасы. Кезінде орысты шауып, Мәскеуді алған» дегенді естігенде, «Қойшы-ей, – деген сонда шалың, – мынау өзіміздің орысты шауып жүр ме? Баяғы Тоқтамыс батыр сияқты екен ғой». «Бірақ, көп ұстап тұра алмады. Орыс даласының суығына шыдай алмай, кері қайтты» деді баскесер доқтыр. «Ә, бәсе, – деді қойшы шал, – бұл орыс ітті кім жеңсін? Жаужүрек қой бұлар! Кешегі қысылтаңн шақта бізге пана болған жоқ па? Алла жар болып, дін аман жүре берсін, шырағым. «Кәпір тыныш болса – мұсылман топ» деген сөз бар халқымызда» деп шалың осы баланың аты-жөніндегі ұзақ сонар әңгімені бір секті сойып, бір жәшік арақ құйып, тойлап аяқтаған».

Қазақылық, қазақылық болғанда бәрі де мидай араласып кеткен: салғырттық, аңқаулық, надандық дейсіз бе, бәрі бар. Ұлттың ұясы сайын даладағы ауылдың қазақы болмысы көз алдыңызға елестей кетеді. Автор психологиялық талдауға бармайды. Бар болғаны оқиғаны баяндайды.

Сол сияқты осы әңгімеде Серік Шайман көп сөйлемнің астарымен ұлттың салт-дәстүрінің бұзылып бара жатқаны, жаппай «еуропалық сапа», «еуропалық нұсқаны» мансұқтауға кіріскен, адамдардың рухани азғындыққа ұшырай бастаған кезеңді ажуалайды. Жалпы біз айтып отырған еркек пен әйел арасындағы құмарлық осындағы үш кейіпкерде үш түрлі көрінеді. Бонапарттікі таза тән тоятын десек, экономист қызда тәнмен қатар есепке құрылған, ал Ақайнаш-тікі өзіндік эгодан туған қарекет. Ақайнаш та құр бетпақ емес, «көздерінде тұнық қара су сияқты, адамды шым-шымдап тартып әкететін бір сыйқыры бар. Кеуделі, бөкселі, сарық қойдың арты сияқты салпылдақ емес, піскен қауындай дөп-дөңгелек бөксесі бар» деді, қисық аяғына қарамастан Бонапарт оған құмартып үйленген. Оқиғаның ақыр соңында Ақайнаш аяғын түзетіп келгенде, Бонапарттың үйіне қайтып келіп, «отбасының шырқын бұзбайын» деп өз бойындағы әйел құмарлығын ақылға жеңдіреді.

# ӘДЕБИ ӘЛЕМ

**Еркек пен әйел. Мәңгі тақырып. Алуан сырлы, мұңды, қырлы. Көркем әдебиеттің, соның ішінде классикада оның алуан түрі, небір нұсқалары бар. Көбіне әйел опасыздығы, әйел драмасы басым түсіп жатады. Әйел жанының құпиясын түсініп, біліп, түбіне жете алмайсың. Шексіз. Неге? Ал, еркек ше? Оның жан дүниесінің бұлым–бұлымына, сүйініші мен күйінішіне тереңдеп бойлай алды ма? Мұндай сауалдарға біржақты жауап беру қиын. Әлем және төл әдебиетімізді сүзіп шыққан кісі оның сан алуан жауабы мен сырын табары анық. Өйткені, бұл өмір, заман ауанына қарай мың құбылып тұратын мәңгілік тіршілік тынысы. Қолына қалам ұстап, көркем әдебиет айдынында өзіндік ой–өрнегін салып жүрген немесе көркемдік шыңына қарай ұмтылған іздемпаздар өзімізде де жеткілікті. Әр кезеңде, әр дәуірде көркем әдебиетте өз суреткерлері бой көрсетіп жатады. Бірақ, қазіргідей жазған–сызғаны қалың оқырманға жете бермейтін заманда қоңыртөбел тіршілігімен қалам тербеп жүрген қарапайым замандастарымыз бар.**

Солардың бірі – бірнеше прозалық кітаптың авторы Серік Шайман. Басқаны қайдам, осы Секеңнің басқалардан бір ерекшелігі – кәдімгі мақаланың өзін әдеби тілмен жазатындығы. Жазғанда да қазақы шұрайлы ой орамдарын, сөз тіркестерін ұтымды пайдалана біледі. «Көсемсөздің тарланы» атанған әріптестің алғашқы көркем шығармасының бірі – «Суретім қалды кеудемде» атты шағын новелласы елең еткізді. Осы бір кіп-кішкене дүниеде шынайы жүрек лүпілі, ғашықтық мөлдір сезім бар. Бойдақ жігіт Әсеттің сұлу бойжеткен Бағиланың «атын естігенде жүзі сурланып, жүрегі шымырлап қоя берді» деген бір сөйлемнен-ақ оқырманды бір тылсым сырға ынтықтыра жөнеледі. Бірақ, автор асықпай, аптықпай, сыздықтатып баяндайды. Ойда-жоқ жерде Әсет студенттік жылдары ғашық болған Багиламен досының үйінде қонақта кездеседі. Бір кездері бір-біріне іңқар болған қос жүректе әлі де сол сезімнің табы басылмаған екен. Әсет Бағиланы көргенше асықса, отбасын құрып, толысып, сұлу келіншекке айналған Багила да Әсетті көргеннен мазасы кете бастайды. Қонаққа өзімен бірге ертіп келген Бағиланың туған сіңлісі Фаридамен би билеген Әсет қыздан апасының альбомнан оның суретін алып, өзінде сақтап жүргенін естиді. Себебі, жездесі Бағиланың үй альбомындағы «ондай суреттерді жаратпайды». Ғашықтық, қызғаныш сезімдері бәрі табиғи әрі қарапайым ғана бір-екі сөйлеммен суреттеледі. Әйел мен еркекке тән нәзік те ұсақ нюанс, штрих, детальдарға дейін қаламгердің назарында. Багила оқушыға «тұңғиық тереңге тартып тұратын қара көздері», «тіп-тік тоқ балтырын құбылта ойнатып, көзіне түсіп кеткен шашын сілкіп тастап, шаш астынан жай оғындай жарқ еткен жанарымен» есте қалады.

Қорғаныс әйел жаны, еркектің есірік құмарлығы Серік Шайманның «Ескексіз қайық» новелласына да арқау болған. Жас жесір Бәтиманың психологиялық күйзелісін автор шап-шағын сөйлемдермен ұшқыр нәзік күйінде жеткізеді. Құмарлық – адамға тән қасиеттердің бірі. Табиғи құбылыс. Бірақ, өмірде жұмыр басты пенде көбіне дәл осы сезімнің салдарынан тағдыр тәлкегіне ұшырайды. Әсіресе, еркек пен әйел арасындағы бұл сезім – өткінші, баянсыз. Тез тұтанып, тез өшеді.

Қаламгердің «Ақайнаш» әңгімесінде Ақайнаш деген келіншек күйеуі Бонапарттың (Боранбайдың) кеңшардың бас прорабтығынан аудандық құрылыс мекемесінің бастығына дейін жоғарылап, өздеріне экономист болып келген қызбен көңілдес болғанын естіп, бұрқан-талқан болады.

«– Әй, албасты көңіл қосып жүрген қатыныңды көрдім. Пішту, оның менен несі артық! Іш тастаған байталдай, не ет жоқ, не бөксе жоқ, қу сүйек. Бейшара-ау, төсекке жатқанда тақымыннан не қалады!.. Әйтеуір аяғы тузу екен. Соған есің кеткен ғой сүмеле. Жас кезінде көйлегі қысқа, аяғы тузу қыз көрсен әуен салырап, орнында отыра алмаушы едің. Енді қырыққа жақындағанда қылмандыуаңа не жорық? Саған ерегескенде Қорғандағы Елизаровтың клиникасына жатып, мынау қисық аяғымды түзетіп әкелсем, талай еркекті қаратып алар жәйім бар. Көрем сонда, сенің әуселенді!.. – дейді ғой Ақайнаш.

Әбден беті ашылған, әдептен кеткен көкбет әйел көз алдыңызға елестесе, экономист қыз ше? Отыздағы қыз жарасымды жағдайда жеңіл әзіл-қалжыңмен отырып, «менің ешкім еншілемеген адал қылтамды қй» дегенді тұспалдап жеткізді.

– Сенің отбасың, балаларың бар екенін білем. Олардан айырып алайын деген ой менде жоқ. Қатарым емірден өз орнын тауып кеткен, бәрі өзің сияқты үйленген. Бірлі-жарым қалғандары өмірде жолы болмаған бос кеуде, маскүнем, нашақор. Менің мақсатым, өзім ұнатқан дені сау адамнан ұрпақ сую.

Экономист қыздан тап мынадай сөз күтпеген Бонапарт табан астында тосылды да қалды.

– Ағай, – деді қыз тағы да нығарлай сөйлеп, – мынау өмір сыны ащы, адамдардың дені тасбауыр, дүниеқоңыз болып кеткен. Баяғы біздің ата-бабаларымыздың мейірім шуағының ізі де қалмаған. Сол ортада жүріп менің басқаша сөйлеуім мүмкін бе, өзіңіз ойлаңызшы?!

Бұл да беті ашылып, қазақы қызға тән әдептік пен инабаттылықтан алыстаған кейбақ. Бірақ, қоғамды айыптағаны шындық емес дей де алмайсыз». Сонымен, әңгіме қалай бітеді дейсіз бе?! «Бонапарттың отбасындағы ұрыс-керіс тыйылмайды. Ақайнаш ауық-ауық балаларын алып төркініне кетіп қалатын болды. Тіпті, соңғы кезде алты айға кетті. Бонапарт соңынан іздеп барса, Ақайнаш үйде жоқ болып шығады. Естітіні – «Ресей жаққа кетті, сауда жасап жүр». Мұның өзі Бонапартқа экономист қызбен жиі-жиі кездесуге себеп болды. Қыз да бұған бауыр басып, кейбір мәселелерді ашық айтатынды шығарды.


– Сенен бала көтерсем болды. Егер ұл тапсам, сенің атыңа қожам. Жолдыбаев Бонапартулы? Тоқта, тоқта есімің кім қойсам екен? Дәурен, Мақсат, Жұман. Жоқ бұлар-



### ТОП-10: АҚЫЛДЫ АДАМДАР ЕҢ КӨП ТҰРАТЫН ЕЛДЕР

01	ГОНКОНГ / 7,3 МЛН АДАМ		HKG	IQ 107
02	ОҢТҮСТІК КОРЕЯ / 52 МЛН АДАМ		KOR	IQ 106
03	ЖАПОНИЯ / 124 МЛН АДАМ		JPN	IQ 105
04	ТАЙВАНЬ / 23 МЛН АДАМ		TPE	IQ 104
05	СИНГАПУР / 5,7 МЛН АДАМ		SGP	IQ 103
06	НИДЕРЛАНД / 17,7 МЛН АДАМ		NED	IQ 103
07	ИТАЛИЯ / 59 МЛН АДАМ		ITA	IQ 102
08	ГЕРМАНИЯ / 84 МЛН АДАМ		GER	IQ 102
09	АВСТРИЯ / 8,9 МЛН АДАМ		AUT	IQ 102
10	ШВЕЦИЯ / 10,5 МЛН АДАМ		SWE	IQ 101

Дереккөз: Interesno.com  
Инфографика: Айнұр Қайратбек



ТИАНДУЧЕНГ – ҚЫТАЙДЫҢ ЧЖЭЦЗЯН ПРОВИНЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЛА. БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ – ФРАНЦИЯ АСТАНАСЫ ПАРИЖДІҢ НАҚ КӨШІРМЕСІ. ӨЗІНІҢ ЭЙФЕЛЬ МҮНАРАСЫ, ЕЛИСЕЙ АЛАҢЫ, ЛЮКСЕМБУРГ БАҒЫ БАР.

НЕГІЗІ 2007 ЖЫЛЫ ҚАЛАНҒАН ҚАЛАДАН БАСПАНАЛЫ БОЛУ ЕКІНІҢ БІРІНЕ БҮЙЫРА БЕРМЕЙДІ. ӨЙТКЕНІ, БАСПАНАНЫҢ БІР ШАРШЫ МЕТРІНІҢ ҚҰНЫ 5 МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫНАН БАСТАЛАДЫ. СОДАН ҚЫТАЙДАҒЫ ПАРИЖДЕ КІЛЕҢ БАЙЛАР ТҰРАДЫ. БАСТАПҚЫДА ҚАЛА 10 МЫҢ ТҰРҒЫҢҒА АРНАЛЫП САЛЫНДЫ. БҮГІНДЕ ҚАЛАДА 30 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ТҰРАДЫ. ЯҒНИ, ТҰРҒЫҢДАРДЫҢ АРТУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛА АУМАҒЫ КЕҢЕЙТІЛІП КЕЛЕДІ.

ФРАНЦИЯ АСТАНАСЫНЫҢ КІШКЕНТАЙ КӨШІРМЕСІНЕ ТУРИСТЕР АРАСЫНДА ДА СУРАНЫСТЫҢ КӨП ЕКЕНІН АЙТА КЕТУ КЕРЕК. МӘСЕЛЕН, НЕКЕСІН ҚИҒАН ЖАСТАР «ЭЙФЕЛЬ МҮНАРАСЫНЫҢ» АЛДЫНДА СУРЕТКЕ ТҮСУГЕ ҚҰМАР. СОНДЫҚТАН ҚАЛА БИЛГІ ІРГЕЛЕС ЖАТҚАН МЕГАПОЛИС ХАНЧЖОУДАН БЕРІ КЕЛЕТІН МЕТРО БЕКЕТІН ТАРТЫП ЖАТЫР. АЙТАЛЫҚ, МЕТРОНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҮШ БЕКЕТІ ОСЫ ЖЫЛДЫҢ 21 АҚПАНЫНДА АШЫЛҒАН.

### ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, естелік, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз: **+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88**

**МЕНШІК ИЕСІ** «МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **МАХМУТ НӘЛБАЕВ**

БАС ДИРЕКТОР **ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**

БАС РЕДАКТОР **ЖАСУЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ **СИВИ МАХМУДИ**

ЖАВАПТЫ ХАТШЫ **МАРЖАН ЖАМБАЙ**

КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР **АЙНҰР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ**

ШОЛУШЫЛАР **ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ**  
**ҚЫЗЖІБЕК ӘБДИҒАНИҚЫЗЫ**  
**МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ**  
**АРУЖАН МҰХАНБЕТҚАЛИ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР **ЖАНСАЯ ШЫҒЫСХАН** – АСТАНА  
**СЕРІК ШАЙМАН** – ҚОСТАНАЙ  
**ЕРЖАН УӘЙІС** – ЫСТАМБУЛ (ТҮРКИЯ)

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ **САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ**  
**САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ**  
**КЕҢЕС ҮШПАЕВ**  
**ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА**  
**ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАН**

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ**  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
А05А1D6, Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 323 кеңсе

**РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ**  
+7 (701) 505 48 48 kazakh\_2006@mail.ru

**ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР**

Халықаралық Алматы әуежайы Б. Майлин к-сі, №02

Алматы метрополитенінің тоғыз бекеті «Райымбек Батыр», «Жібек жолы», «Алматы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Маскеу»

«Алматы-1» теміржол бекеті Станционная к-сі, № 01

«Алматы-2» теміржол бекеті Абылай хан даң., № 01

«Сайран» автобекеті Төле би к-сі, № 294

**ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮНГІРШЕКТЕР**  
«Караван», «Kok tengri» (Алматы) дүңгіршектері

**ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР**  
«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

**ТАРАЛЫМЫ 21 000 ДАНА ТАПСЫРЫС № 948 / 77**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») және «Өмір-Нұр» (Талғар, Қонаев к-сі, 18) баспаханаларында басылды

### «БАРЫС» КЛУБЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ЖАЛАҚЫ АЛАТЫН ХОККЕЙШІЛЕРІ

32 жылдық тарихы бар «Спорт-Экспресс» ресейлік газеті «Барыс» хоккей клубының сапында өнер көрсететін хоккейшілердің соңғы маусымда алған жалақыларын жариялады. Ең көп жалақы алған хоккейшілердің алғашқы ондығында бір ғана Қазақстан азаматы бар. Ол – Қарағанды тумасы Никита Михайлис. Қазақтар арасында өткен маусымда Әлихан Әсетов – 50,17 млн теңге, Самат Данияр – 27,87 млн теңге, Әділ Бекетаев – 22,30 млн теңге, Аңсар Шайхмедденов пен Дінмұхамед Қайыржан – 5,57 млн теңге жалақы алған.

278,7	278,7	250,9	144,9	139,4	139,4	139,4	128,2	122,6	100,3
МЛН ТЕҢГЕ	МЛН ТЕҢГЕ	МЛН ТЕҢГЕ	МЛН ТЕҢГЕ	МЛН ТЕҢГЕ	МЛН ТЕҢГЕ	МЛН ТЕҢГЕ	МЛН ТЕҢГЕ	МЛН ТЕҢГЕ	МЛН ТЕҢГЕ
ЛИНДЕН ВЕЙ	НИКИТА МИХАЙЛИС	АЛЕКС ГРАНТ	МАЙК ШАППО	КРИСТОФЕР БИГРАС	ЮЛИУС ГУДЧЕК	АНТОНИ ЛУИС	ДЖЕССИ ГРАМ	ДЖЕРЕМИ БРАККО	ИВАН МИЩЕНКО
31	28	34	29	28	34	28	29	26	27
ЖАСТА	ЖАСТА	ЖАСТА	ЖАСТА	ЖАСТА	ЖАСТА	ЖАСТА	ЖАСТА	ЖАСТА	ЖАСТА

Дереккөз: Sport-express.ru  
Инфографика: Айнұр Қайратбекқызы